

ЗАН

№9 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ



**ЗАМАНА ЖҮГІН
АБЫРОЙМЕН
АРҚАЛАҒАН
АЗАМАТ**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№9 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

А. АХПАНОВ,

з.ғ.д., профессор

К. АЙТХОЖИН,

д.ю.н., профессор

Е. ӘБДІРАСҰЛОВ,

з.ғ.д., профессор

Б. БОРУБАШЕВ, з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

К. МАУЛЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

С. СӘБІКЕНОВ,

з.ғ.д., профессор

Қ. ДОСАЛИЕВ,

з.ғ.д., профессор

В. ШУМИЛОВ,

Ресейлік Ішкі сауда
академиясында кафедра
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор,

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

М А З М Ұ Н Ы

ЗАМАНА ЖҮГІН АБЫРОЙМЕН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

Д. ӘМІР 3

Оңтүстікте өшпестей із қалдырған шарапаты мол Шәріпов

Қ. ДҮЙСЕНБИ 6

ОПОРА СВОБОДЫ И ЕДИНСТВА

Р. МАХСУТОВ 13

Ата Заң – біздің жетістіктеріміздің бағдары

С. ТЫНЫБЕКОВ, О. ЛОЖНИКОВА 17

ИНСТИТУТ ФИДУЦИАРНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ И
ОТВЕТСТВЕННОСТИ В КОРПОРАТИВНОМ ПРАВЕ

К. ЮГАЙ 19

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ

Ғ. ОҒЛАНБЕКОВА 24

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚАТЕЛІГІНЕН ЖЕР ДАУЛАРЫ КӨБЕЮДЕ

Г. МЫРЗАТАЕВА 26

КТО ХОЗЯИН ТРОТУАРА?

К. АХМЕТОВ 28

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ АРТУДА

А. БИБАТЫРОВ 31

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ ШАРАЛАРЫ

А. ТУРЕЖАНОВ 33

УДОСТОВЕРЕНИЕ ФАКТА НАХОЖДЕНИЯ ГРАЖДАНИНА В ЖИВЫХ

С. МАМАНОВА 35

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУДЫ КӨЗДЕЙДІ

А. ШАРХАНОВ 37

ЖАЛҒАН НӨМІРМЕН ЖҮРГЕНДЕРГЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Р. ЖАМАЛБЕКОВ 39

БРАК БЕЗ ПОХИЩЕНИЯ И ПРИНУЖДЕНИЯ

А. БАЙМУХАМБЕТОВА 41

ҚҰҚЫҚТЫҚ ДИАЛОГ ӨТТІ

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ** 43

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ІСІН ҚАРАЙТЫН СОТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Г. ҚУАНАЛИЕВА, Г. ӘСЕНҒАЗЫ 44

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМСТА ЖАЗА АУЫР

Н. АЛИМБЕКОВ 46

ВОПРОСЫ НАРУШЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ПОРЯДКА

К. ТЕМИРХАНОВ 48

ЗАМАНА ЖҮГІН АБЫРОЙМЕН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ



СОТ САЛАСЫНДАҒЫ АСА
ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕСІМНІҢ БІРІ,
МӘРТЕБЕЛІ ЗАҢҒЕР НҰРСЕРІК
КӘРІМҰЛЫ ШӘРІПОВТИҢ БІЗДІҢ
ОРТАМЫЗДАҒЫ ЖОЛЫ ДА, ЖӨНІ
ДЕ БӨЛЕК. НҰРЕКЕҢНІҢ АТҚАРЫП
ЖҮРГЕН КЕСЕК-КЕСЕК, ҚОМАҚТЫ
ІСТЕРІ, ҚАРҚЫНДЫ АЯҚ АЛЫСЫ,
ҚАЖЫР– ҚАЙРАТЫ, ТАУ ҚОПАРАР
ТЕГЕУРІНІ МЕН ЖАЛЫНДАҒАН
ЖІГЕРІ ТАҢДАЙ ҚАҚТЫРМАЙ
ҚОЙМАЙДЫ. РАСЫНДА ТАҢ
ҚАЛСАҚ, ЗУЫЛДАҒАН УАҚЫТҚА
ЕМЕС, СОЛ УАҚЫТ СЫНАҒЫНА
ТӨТЕП БЕРЕ БІЛГЕН НҰРЕКЕҢДЕЙ
АЛДЫ КЕҢ, АПАЙТӨС, АТАН
ЖІЛІК АЗАМАТТАРЫМЫЗҒА
ТАҢДАНУЫМЫЗ КЕРЕК ШЫҒАР.

**ОСЫНДАЙ ЕЛДІК ІСТЕРДІ ЕҢСЕРІП ЖҮРГЕН АРДА АЗАМАТ ТА
АЛПЫСТЫ АЛҚЫМДАП ҚАЛҒАН ЕКЕН.**

Нұрсерік Кәрімұлындай ардақты азаматымыз уақыт сынағына төтеп беріп қана қоймапты, өзінің замана талабына сай қызмет атқарыпты; зілбатпан ауыр жүгін де белі қайыспай арқалапты. Қалай болған күнде де кім қалай сараптайды, бағалайды, өзі біледі, ал біздіңше, Нұрекең уақыт сыны мен замана сынақтарынан абыроймен өте білген, нардың жүгін мойнына артып алып, көтеріп жүре алған марғасқа азамат. Бұл міндет жүгінің қаншалықты ауыр салмақ екенін, басқа басқа, заң мен сот саласындағы әріптестер жақсы біледі.

Осы сіз бен біз ауасын жұтып отырған, бақыты мен қуанышын бірге татқан, азабы мен қиындығына төзе білген, кең байтақ дала – шалқар кеңістіктегі мұрат-мүдделеріміз ортақ болатын болса, бір ақиқаттың алдында басымызды иеміз: ол – еліміз бен мемлекетіміздің алдында баршамыздың жауапты әрі борышты екеніміз, міндетті түрде өтелуге тиіс парызымыз бен қарызымыздың бар екені.

Сол, сіз бен біз құрмет тұтатын ардақты алаш баласы – қасиетті қалың қауым бар, қаншама сыйлас орта бар; әріптес аға-інілер,

**ТАҒЫ БІР АҢДАҒАНЫМ,
ЕРІНБЕЙТІН ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫ.
МЫСАЛЫ, ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАНҒА ҚЫЗМЕТКЕ
КЕЛГЕНДЕ, ОСЫНДА АЯҚСЫЗ
ҚАЛҒАН СОТ ҒИМАРАТЫН
ҚОЛЫНА АЛЫП, ТЕЗ АРАДА
БІТІРТТІ, ҚАРАҒАНДЫҒА
ҚЫЗМЕТКЕ БАРҒАНДА ДА ТУРА
ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙ БОЛДЫ,
СОЛ ЖЕРДЕ ДЕ ӨЗІНІҢ ІСКЕРЛІК,
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ТАНЫТЫП ЕДІ.
НҰРСЕРІК КӘРІМҰЛЫНЫҢ
ЖАҚСЫ ҚЫРЫ – МЕНІҢ
МІНДЕТІМ, СЕНІҢ МІНДЕТІҢ
ДЕП, ЕНШІСІН БӨЛЕК КӨРМЕЙДІ.
ОРТАҚ МІНДЕТ САНАП,
КІРІСІП КЕТЕДІ, ЗАҢ МЕН СОТ
ІСТЕРІН ОРТАҚ МҮЛДЕЛЕРДЕН
АЖЫРАТЫП ҚАРАМАУҒА
ТЫРЫСЫП ЖҮРЕДІ.**



Осы арада Нұрсерік Кәрімұлының азаматтық келбетін аша түсу үшін өмір жолындағы бір қызықты фактіге назар аударғым келеді. Нұрекен өзінің балалық шағы Павлодар облысы, Ертіс ауданында өткені туралы, өзі қазақы ортада өскенімен, қазақша мектеп болмай, орыс мектебінде оқығандығы, соған орай, балалық шағы орыс, украин, шешен, грек балаларымен тай құлындай тебісіп өткендігі туралы әңгімелейді.

Бір жақсысы, осы фактор, біздің ойымызша, Нұрсерік Кәрімұлының өмір жолында маңызды рөл атқарған. Оның көпшіл болуы, кез келген ортаға сіңіп кетуі, республиканың әлеуметтік хал-ахуалын тамыршыдай сезініп, біліп отыруы қызмет жолына көп септігін тигізіп отырғанын әділдік үшін айтуға тиіспіз. Сондықтан, оған қазақша оқымай, орысша оқыған деп айып тағуымыз орынсыз. Өйткені, ол қандай ортада тәрбиеленіп өссін, өз отанының патриоты болып қалды. Өзінің ұлты мен тарихын, салты мен дәстүрін қадірлеп, туған тілін құрметтеуі, өзінің өзгелер үшін қолайсыз, тиімсіз ортадағы тәрбиесін, керісінше, пайдалы бағытқа жарата білуі оның бөлек қалпын, ұшқыр ойын танытатын сияқты.

апа-қарындастарымыз бар, солармен мұрат-мүддеміз ортақ болғанымен, мойындауымыз және салмақтай білуіміз керек деп ойлаймын, әркімнің өмірден алар еншісі де, татар сыбағасы да бөлек болады екен. Сонымен бірге, түсер табан жолы да бөлек екен, өзінің қалыптастыратын сонар-соқпағы, өзіне ғана тән бағыты мен бағдары бар екен. Осыны мен Нұрсерік Кәрімұлының еңбек жолдарынан жақсы аңғардым. Және ол жай ғана, әшейін қоңыр төбел байқалатын, елеусіз, сүреңсіз, самарқау, сылбыр кешіп өткен, мағынасыз жолдар емес, үнемі үздіксіз өсу үстіндегі, биік мақсатты, дүбірлі, тамаша табыстарға, ізденістерге толы, мерейлі шаттық, қуаныш сыйлаған жылдарға толы жолдар екен!

Үнемі биік талапты мүдделермен көзге түскен Нұрекең өзгелерге озық үлгі-өнеге көрсетіп, соған орай, қызмет дәрежесі де ғарыштық жылдамдықпен сатылап өсіп, биіктеп отырыпты. Әріптесіміз сонау 1988 жылы, өзімізбен қатарласа, қанаттаса оқу бітірген. Айырмашылығы – мен Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде оқысам, ол еліміздің ең ірі оқу ордасы – Қазақ Ұлттық университетін бітірген.

Әрине, Нұрекең екеуіміздің өмір жолымыз бен қызметіміз әртүрлі бағытта қалыптасты, дегенмен, жолымыз түйісіп қалатын ұқсастықтар жоқ емес. Мысалы, Нұрсерік Кәрімұлы да облыстық сот төрағалығы қызметтерін атқарды, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының судьясы болды, осы жолдардан өзім де өткендіктен, Нұрекеңді мүдделес әріптесім, жақын пікірлесім деп санаймын.

Нұрекең еңбек жолын өзі оқыған оқу ордасынан, комсомол хатшылығынан бастап, 2022 жылы Жоғарғы Соттың Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы дәрежесіне дейінгі мәртебелі, мазмұнды да мағыналы белесті жолдан өткен. Әрине, арасында қаншама абыройлы қызметтер атқарған, оның бәрін жіпке тізгендей түгендемей-ақ қоялық. Өз басым, оның талай азаматтық, адамдық істеріне сан мәрте куә болғанымды айтуға тиіспін, жоғарыда жолымыздағы ұқсастықтар туралы айттым ғой, сондай-ақ жолымыздың түйіскен тұсы да аз болмапты.

Мен Маңғыстау облыстық сотының төрағалығына қызметке барғанда, сол арада құшағын жая қарсы алған Нұрсерік Кәрімұлы болатын. Өзіне сенімді, мығым денелі, ақжарқын азамат көзіме оттай басылып, бірден жылыұшырап еді. Содан бері екеуіміздің арамызда үлкен сыйластық, рухани жақындық орнады десем артық айтпаспын. Ол қай жерде жүрсе де өзін тек қана озық қырынан таныта білді, іскер ұйымдастырушы, білікті заңгер екенін дәлелдеді.

Тағы бір аңдағаным, ерінбейтін еңбекқорлығы. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанға қызметке келгенде, осында аяқсыз қалған сот ғимаратын қолына алып, тез арада бітіртті, Қарағандыға қызметке барғанда да тура осындай жағдай болды, сол жерде де өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетін танытып еді. Нұрсерік Кәрімұлының жақсы қыры – менің міндетім, сенің міндетің деп, еншісін бөлек көрмейді. Ортақ міндет санап, кірісіп кетеді, заң мен сот істерін ортақ мүдделерден ажыратып қарамауға тырысып жүреді.

Сөз соңында, Нұрсерік Кәрімұлындай асқаралы алпысына толып отырған әріптесіме зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбегінің жемісті болуына игі тілегімізді білдіреміз. Әлі талай биікке жетіп, халқы мен әріптестерінің, отбасының алдында абырой биігінен түспесін дегіміз келеді.

Мына бір жүрекжарды өлең жолдарын әрі әріптес, әрі дос, жолдас ретінде алпыс жылдық мерейтойыңызға шашу еткім келеді:

АТА ЖОЛЫ – БІР ӨЗІҢЕ АМАНАТ!

*Нұреке, құтты болсын алпысың,
Алпыс деген өміріңнің талтүсі.
Нұрсерікке күннің нұры құйылсын,
Елең қылма, бұл өмірдің тартысын.*

*Өзің жансың, ысылған заң жолында,
Ұстай білген заңның ісін қолында.
Орындала берсін тілек аңсаған –
Не мақсат бар, не арман бар ойыңда.*

*Әбден пісіп, келдің бүгін бабыңа,
Шықтың биік абыройлы тауыңа.
Аллам сені сәттіліктен қаққан жоқ,
Көтерілдің заң ісінің тағына.*

*Нұрсеріктен қалсын асыл ұлағат,
Ізіне ерген, кетпес, сірә, тым ағат.
Әлі талай еңбек сіңір, халқыңа,
Ата жолы – бір өзіңе аманат!*

*Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы*

ОҢТҮСТІКТЕ ӨШПЕСТЕЙ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ШАРАПАТЫ МОЛ ШӘРІПОВ



НҰРСЕРІК ШӘРІПОВ 2012 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗЫНДА
ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫМЕН ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА ТӨРАҒА БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛЫП,
ШЫМКЕНТТЕ ЖҰМЫСЫН БАСТАҒАН БОЛАТЫН. МЕН СОЛ
ЖЫЛЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ОҚО СОТ АКТІЛЕРІН
ОРЫНДАУ ДЕПАРТАМЕНТІНЕН АУЫСЫП, ОБЛЫСТЫҚ
СОТТЫҢ БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСКЕН
КЕЗДЕН БЕРІ НҰРСЕРІК КӘРІМҰЛЫН БІЛЕМІН. БЕС ЖАРЫМ
ЖЫЛДАЙ ОБЛЫСТЫҚ СОТТА ҚЫЗМЕТТЕС БОЛДЫМ, НҰРЕКЕҢ
АСТАНАҒА ЖОҒАРҒЫ СОТ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ
БОЛЫП АУЫСҚАН СОҢ ДА БАЙЛАНЫСЫМЫЗ ҮЗІЛГЕН ЖОҚ.

Баспасөз хатшысы ретінде алғашқы бес-алты айда Нұрсерік Кәрімұлы өткізген он шақты жиналысқа қатысып, қызмет бабымен бірнеше рет алдына барып, өзімен сөйлесіп, пікірлескеннен кейін төрағаны әр қырынан танып, біле түстім. Содан бері 13 жыл өтіпті. Жылдар өткен сайын Нұрекенді тек жақсы жағынан біліп келемін. Жоғарғы Сот басшылығы тарапынан 2012 жылы облыстық соттың жаңа ғимаратының құрылысы толық бітіп, күзде облыстық сотты соған көшіру жоспарланғанын естіп, енді ғана бой көтерген ғимараттың алты айда салынып бітуі екіталай-ау дедік. Бірақ, «көз қорқақ, қол батыр» дегендей, төраға күн сайын кешке қарай салынып жатқан ғимаратқа барып, құрылысшылармен және басшыларымен кездесіп, оларға ақыл-кеңесін айтып, жұмысты жылдамдатып әрі жандандыруға шындап кірісті.

Бірде төраға жаңа ғимараттың қас бетіндегі төбе жағына шығыс үлгісінде көк күмбез орнату жөнінде ұсынысын ортаға салды. Ғимарат құрылысын жүргізіп жатқан «Атамекен» корпорациясының басшысы Шерім Төлтебаев бұл ұсыныспен келісті. Екеуінің ойлары бір жерден шығып, осы ғимараттың үстіне көк күмбез орнатылса, Әділет сарайы Шымқаланың шырайын келтіріп, көркін аша түсетінін олар маман ретінде іштей сезініп, терең түйсінген еді.

Осылай сот ғимаратының көркем әрі зәулім және сапалы болып салынуына төраға бар білімі мен күш-жігерін жұмсап, өзі архитектор (сәулетші) әрі дизайнер ретінде, ұтымды ұсыныстарын айтып және оны жүзеге асыру үшін күнде жұмыстан кейін құрылыстың басы-қасында болғанын соттағы әріптестері жақсы біледі.

Талапшыл әрі талғампаз төрағаның тың идеясын құрылысшылар құптап, облыстық сот ғимаратының үстіне көк күмбез орнатып, сотқа кіреберістегі фойені де биік әрі зәулім етіп салды. Соның нәтижесінде, Әділет сарайы көпшіліктің көңілінен шықты. Нұрсерік Кәрімұлының бойындағы сәулетшілік, дизайнерлік қабілеті мен талантын іс жүзінде көріп, көз жеткізген әріптестері, оның сегіз қырлы, бір сырлы төраға екендігін мойындады.

2012 жылға дейін Шымкент қаласында қазақтың даңқты үш биінің сәулетті ескерткіші болмаған еді. Осы олқылықтың орнын жаңа төраға толтырып, облыстық сот ғимаратының алдына Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ерекше ескерткішін орнатып, қала тұрғындарының алғысына бөленді.

Н.Шәріповтен өшпестей болып қалған көп іздің бірі – «Үш би» ескерткіші! Тағы сондай игі істің бірі – облыстық соттың құрылғанына 80 жыл толуына байланысты өткен ғасырда еңбек еткен және қазіргі кезде қызмет істеп жүрген судьялар мен

сот қызметкерлері туралы «Тарихы терең – еңбегі ерен» атты кітап шығарғаны.

Сол жылы күзде Нұрсерік Кәрімұлының ұйымдастыруымен облыстық соттың 80 жылдығы зәулім әрі көркем көк күмбезді ғимаратта жоғары деңгейде аталып өтті. Оған Жоғарғы Соттың төрағасы Бектас Бекназаров, ардагер судьялар, әкімдер мен депутаттар, республикадағы барлық облыстық соттардың төрағалары, құрылыс басшылары және журналистер қатысты. Олар жаңадан ашылған соттың мәжіліс залдарын, кабинеттерді, асхана мен кітапхананы, мұражайды және оқу орталығын аралап шығып, жан-жақты танысты. Олар мұражайдағы Кеңестер Одағының тұсында 1932–1937 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының тұңғыш төрағасы болған Омар Бейсеновтен бастап, еліміз егемендік алғанға дейін, 1987–1991

Н.ШӘРІПОВТЕН ӨШПЕСТЕЙ БОЛЫП ҚАЛҒАН КӨП ІЗДІҢ БІРІ – «ҮШ БИ» ЕСКЕРТКІШІ! ТАҒЫ СОНДАЙ ИГІ ІСТІҢ БІРІ – ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 80 ЖЫЛ ТОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨТКЕН ҒАСЫРДА ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚЫЗМЕТ ІСТЕП ЖҮРГЕН СУДЬЯЛАР МЕН СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ «ТАРИХЫ ТЕРЕҢ – ЕҢБЕГІ ЕРЕН» АТТЫ КІТАП ШЫҒАРҒАНЫ.

жылдары облыстық сотта төрағалық қызмет атқарған Марат Нұрбековты қосқанда, барлығы 18 төрағаның портретін көріп, риза болғандарын жасырмады. Ардагерлер мен қонақтар Н.Шәріпов мырзаның, облыс соттарының 80 жылдық тарихын тірілткеніне алғыстарын айтып, «Айналайын, іскер төраға екенсің, қызметің өсе берсін!» деп баталарын беріп жатты. Бұл төрағаның жеті айда атқарған жұмысының бір парасы ғана.

Кімге болса да баға салыстырмалы түрде беріледі ғой. Еңбек жолымда талай басшымен қызметтес болдым. Сол басшыларды төрағамен салыстырып қарағанда, Нұрсерік Кәрімұлы бекзат болмысты, өзіндік ерекшелігі бар, ұйымдастыру қабілеті зор әрі өте іскер, еңбекқор, байсалды басшы және ұлтжанды төраға ретінде көрінді маған. Шындығында, Нұрекеннің қазақ дегенде, ұлт дегенде әрқашан қолдап, қорғап жүретін, қайсар мінезді және мемлекетшіл тұлға екендігі оның қолға алған әрбір игілікті ісінен анық байқалатын.

2013 жылы ОҚО сотының төрағасы Н.Шәріповтің ұсынысымен Ұлы Отан соғысының ардагері, 1960–1970 жылдары даналық пен дарқандықты қатар ұстанып, Шымкент облыстық сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарған, заңгер-жазушы Нығмет

Төлендиевтің бұрынғы тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. Ал, 2014 жылы Шымкенттегі аты жоқ бір көшеге заңгер-жазушы Н.Төлендиевтің есімі берілді. Бұл тірліктің әрбірін жүзеге асыру төрағаға оңайға түскен жоқ. Сонымен қатар, төраға өзінің тікелей бастамасымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай, 2015 жылы облыстық сот ғимаратының алдына ҰОС-на қатысқан 24 судьяның аты-жөнін алтын әріптермен жаздырып, «Даңқ тақтасын» орнатты. Гранит тақтада Кеңес Одағының Батыры С.Әшіров пен Т.Қауымбаев және И.Батыршаев пен көзі тірі ардагер судья А.Бекназаров, тағы 20 судьяның есімдері мен тегі көрсетілген.

Төраға Н.Шәріповтен Шымкентте өшпестей болып қалған көп іздің тағы бірі осы – «Даңқ тақтасы». Бұл тақта – Нұрсерік Кәрімұлының ардагерлерді ардақтап, мейлінше қадірлейтін көргенді, тәрбиелі әрі текті азамат екендігінің жарқын дәлелі.

Нұрекеңнің жұрт біле бермейтін тағы бір қыры ол, сот жүйесінің болашағын болжай білетіндігі және айтқан болжамының дұрыс келетіні. Оған бірекі мысал келтіре кетейін. 2014 жылы 14 мамырда облыстағы барлық Үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткізілген үлкен жиында төраға: «Егер де интернетің болса, электрондық қолтаңба алсаң, үйіңізде асханада шәй ішіп отырып, соттасуға болады» деп айтқанда, кейбір басшылар мен журналистер таң қалып, сенбегендей түр танытқан.

Арада алты жыл өткенде, 2020 жылғы пандемия кезінде төрағаның айтқаны айдай келді. Егер ұмытпасам, шамасы он екі жыл бұрын шығар, төраға бір баяндамасында, «Елімізде жаңадан арнайы Әкімшілік сот құру қажет болады» деп айтқаны

бар. Өздеріңізге белгілі, Президент Жарлығымен 2021 жылдың 1-шілдесінен бастап, республика бойынша барлық облыстарда жаңадан мамандандырылған Әкімшілік соттар құрылды.

Н.Шәріпов облыстық сотта төраға болып тұрғанда аудандық және қалалық соттарға жұмыс сапарымен барып, олардың жұмыстарымен жан-жақты танысып, тұрғындардың арыз-шағымдары мен мұң-мұқтаждарын тындап, айтылған ұсыныстар мен өтініштерді заң шеңберінде жедел түрде шешуге кірісетін. Сарыағашқа іссапармен барғанымызда Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі ауданаралық соттың ғимараты болмағандықтан, өзге бір мекеменің кеңсесін жалға алып отырғанын көріп, көңілі жабырқады. Сол сәтте бірден қолына қалам алып, оларды Сарыағаш аудандық соты ғимаратының ішіне орналастыру жағын ойластыра бастады. Сөйтіп, «Сот ғимаратының бір бүйірінен жаңадан есік ашу керек» деп шешіп, әкімшілік сотты қай жерге және қанша бөлмеге қалай жайғастырудың архитектуралық жобалық сызбасын табан астында сызып бергені есімде.

Нұрекеңнің сызған эскизі бойынша облыстық Соттар әкімшісінің тарапынан құрылыс жұмыстары жылдам жүргізіліп, ауданаралық Әкімшілік сот екі-үш айдың ішінде аудандық соттың ғимаратына көшіп, орналасқан еді. Сондай-ақ, 2015 жылы Шымкенттегі әл-Фараби аудандық сотына келушілер саны өте көп болғандықтан, судьялардың саны да екі есе артып, ескі ғимараттың жанынан 4 қабатты қосымша құрылыс салу ауадай қажет болды. Төраға бұл мәселені дереу Жоғарғы Сотқа айтып, оған сол кездегі департамент басшысы Ілияс Испанов қаржы бөліп, қолдады. Содан кейін Нұрекең мен аудандық

соттың төрағасы Маратәлі Бекназаров екеуі осы құрылыстың басы-қасында жүріп, тиісті мамандармен бірлесіп, шұғыл түрде қосымша ғимараттың архитектуралық жобалық сызбасын дайындатты. Содан кейін құрылыс жұмыстарының жедел жүргізілуін күндіз-түні бақылауда ұстап, бұл қосымша құрылысты 6 айда сапалы етіп бітіргені сот қызметкерлерінің есінде. Осылардың бәрін мен кезінде көзбен көріп, Нұрекеңнің сәулетші әрі дизайнер екендігіне одан әрі тәнті болғанмын.

Н.Шәріпов облыстағы өңірлерге жұмыс сапарымен барғанда аудандық соттың екі-үш жылдық көрсеткіштерін алдыртып, оларды зерделеумен қатар, ол жердің табиғатының ерекшелігін, тарихын және халқының саны туралы, тағы басқа да мәліметтермен алдын ала танысып, аудан активімен кездесуге мұқият дайындатын. Төраға аудандардағы соттардың



жай-күйімен танысуға барғанда, қаладан журналистерді де ерте баратын. Нүрекеңнің бірде Қазығұртқа жолы түскенде аудандық соттың төрағасы Қанатбек Қоңырбаевқа «Ауданның тарихы мұражай ашуға болатындай терең екен» деді. Содан Қанекең төрағаның айтқан тапсырмасын орындап, аудандық сотта жаңа мұражай ашып және спорт алаңшасын да салды.

Соның ашылуына Н.Шәріповпен бірге барып қатысып қайтқан, белгілі журналист-жазушы Захардин Қыстаубаевтың «ЗАҢ газетінде» «Биікке бастаған жол» атты сот беделін көтеретін мәнді әрі көлемді мақаласы шыққан болатын. Талантты қаламгердің керемет мақаласын бір деммен қызығып оқығандар, оған риза болып, жанындағы әріптестеріне де мұны оқуға кеңес берген-ді. Бұл керемет мақала туралы сол кездегі Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Бектас Бекназаров естіп, Шымкентке іссапармен келгенде, менен «Заң газетінің» бес данасын сұратып алған. Сондай-ақ, 2014–2017 жылдары облыстық сот төрағасының игі бастамасымен рухани жаңғыру бағытында өткен дәстүрлі «Билерге тағзым» атты Шымкент – Ордабасы тауының, Шымкент – Түркістан қалаларының аралығындағы 180 шақырымды қамтитын, тағы басқа да бірнеше велошерулердің жыл сайын өтуі елді елең еткізген еді.

«Билерге тағзым» атты велошерулер жергілікті халықтың тарихқа деген қызығушылығын тудырып, олардың есіне Ордабасыдағы билердің басқосуын түсіріп, рухани жағынан ерекше әсерлі, тарихи-танымдық игілікті іс-шара халыққа рух берген болатын. 2016 жылы Сайрамдағы №4 балалар үйі тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Алматау» демалыс аймағында Наурыз мейрамының ерекше форматта қызықты өткені, балаларды қатты қуантты. Содан кейін оларды тұрақты түрде қамқорлыққа алу туралы Нүрекеңнің ұсынысын Қазақстан Судьялар одағының облыстық филиалы қолдап, облыс соттары №4 балалар үйін қамқорлыққа алған-тұғын.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында төрағаның ұйымдастыруымен желтоқсан айында өткен «Тәуелсіздік – тұғырым» атты іс-шара аясында облыс судьялары киелі Қазығұрт шыңына ақ қар, көк мұзда жаяу шығып, ту тіккені ел-жұртты тәнті етті. Қыстың күні таудың басына шығып, судьялардың ту тіккенін естіген жұрт, «Бәрекелді! Сот жасасын!» деп, риза болған.

Міне, осындай ауқымды әрі әсерлі және көпшіліктің көңілінен шыққан мәнді, маңызды



бірқатар іс-шаралар жөнінде және төрағаның өңірлерге жұмыс сапарымен барғаны туралы аудандық, облыстық, республикалық теле-радиоардан қызықты хабарлар мен сюжеттер көрсетіліп, жиырмадан астам газет-журналда оқырмандар қызыға оқитын тартымды мақалалар шыққан еді. Сонымен қатар, осылар жөнінде арнайы бейнероликтер әзірленіп, олар әлеуметтік желілер арқылы және телеараналардан көрсетіліп, сайттар мен ютубқа салынып, оны сан мыңдаған адам көріп тамашалаған болатын.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотына төрағалық еткен уақыт ішінде Нұрсерік Кәрімұлы түрлі мәдени, рухани, тарихи тақырыптарды қамтитын, елді бірлік пен ынтымаққа шақыратын, көпшілік қауымды жақсылыққа үндейтін, жас буын өкілдеріне үлгі-өнеге болатын 60-тан астам ауқымды іс-шаралар өткізді. Осы уақыт аралығында төраға өткізген барлық жиындарға және ауқымды іс-шараларға қатысып жүрген тілшілер, оның іс-шара өткізудің хас шебері екендігін әр кез айтып та, жазып та келеді. Біздің айтқандарымызды тыңдап, жазғандарымызды оқып жүрген оқырмандар мен журналистер, зиялы қауым өкілдері мен сот қызметкерлері Н.Шәріповті «Бойында көп өнері, іс-шара өткізудің нағыз шебері» деп өлеңдетіп те айтатындары баршылық.

Жылдар өткен сайын Нұрсерік Кәрімұлының алғырлығы мен тапқырлығы, бастамашылдығы мен болжағыштығы, көшбасшы ретінде жұмысты жүйелі әрі жоспарлы түрде жедел жүзеге асыратын ұйымдастырушылық қабілеті, өзекті мәселені кешеуілдетпей заң шеңберінде шеше алатындығы, қазақ және орыс тілдерінде шешен сөйлейтіндігі, барлық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып-өткізу шеберлігі және сәулетшілік-дизай-



нерлік өнері, тағы басқа да қырлары ашылып, көпшілікке жылдан-жылға кеңінен таныла түскен еді. Жалпы, бұл жөнінде болашақта бір роман жазуға болады.

Н.Шәріповтің Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында өз қызметін абыроймен басқарып, артында қаншама өшпестей із қалдырғанын талай танымал ардагерлер мен журналистер жақсы біледі.

Ол ОҚО сотының төрағасы болып тұрған тұста бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін тоқсан сайын шақырып, оларға жергілікті соттарда атқарылған жұмыстар және сот жүйесіндегі соңғы жаңалықтар жөнінде жан-жақты айтып беретін. «Ашықтық болған жерде әділдік те болады» деген қағиданы басшылыққа алып, Нұрсерік Кәрімұлы, аудан, қала және облыстық соттарда ашықтық пен жариялылықты және сотқа деген қолжетімділікті іс жүзінде қамтамасыз еткен қайраткер-төраға.

Онымен бір күн болса да дәмдес-тұздас болып дидаласқан адамның зердесінде Нұрекең туралы өн-бойында жағымды әсер, көңілді көтерер келелі пікір қалатыны туралы журналистер бұрын да айтқан және жазған, қазір де айтып та, жазып та жүр. Сонымен қатар, төрағаның ерекше ұйымдастырушылық қабілеті мен сегіз қырлы бір сырлы марқасқа азамат екендігі жөнінде оңтүстіктің ардагерлері мен соттардың қызметкерлері әлі күнге дейін жыр ғып айтады.

2015 жылы қазан айында «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Бас редакторы Абай Балажанға берген

сұхбатында: «Шәкірттерімнің сүрінбеуі үшін де алаңдаймын» дегені есіме түсіп отыр.

Н.Шәріпов ұзақ жылдар бойы еліміздің бірнеше облысы мен қаласында судьялық, төрағалық қызметтерде болып, ерен еңбегімен, тындырымды әрі өнегелі ісімен қатар, көптеген жақсы шәкірттер тәрбиелеп өсірген ұлағатты ұстаз. Солардың ішінде, Н.Шәріповтің мен білетін шәкірттері күн сайынғы сынақтардан сүрінбей өтіп келеді. Олардың қатарында Атырау облыстық сотының төрағасы М.Парменов, Түркістан облыстық сотының төрағасы А.Сұлтанов, Түркістан облыстық сотында алқа төрағасы Н.Биболов және Шымкент қалалық сотының алқа төрағасы лауазымында абыройлы жұмыс істеп жүрген Б.Дүйсебеков, Л.Такишева, Г.Қыдырбаева тағы басқалар бар.

Төрағаның бастамасымен облыстық сот пен жергілікті 6 жоғары оқу орнының арасында өзара меморандум жасалып, судьялар Жетісайға, Түркістанға және Шымкенттегі университеттерге барып, лекциялар оқыды.

Нұрсерік Кәрімұлының республикамыздың екі бірдей Оңтүстік Қазақстан облыстық және Қарағанды облыстық соттарының ғимараты ішінен кітапхана ашқанын білемін. Шымкентте 2012 жылы жаңадан ашылған облыстық соттың ғимаратында кітапхана ашып және ондағы кітаптың санын 2000-нан асырғанын азаматтық деуге болады.

Нұрсерік Кәрімұлы 2015 жылы Түркістанда «Есімханның ескі жолы» – ауызша қағидалар жиынтығының озық үлгілері» атты аймақтық ғылыми

конференцияны жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізіп, оның материалдарын жинақтап, кітап етіп шығарды. Мен білетін Н.Шәріповтің кітапқұмарлығы туралы бір-екі дерек келтіре кетейін. Ұмытпасам, 2016 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында өткен іс-шараға бірнеше ақын-жазушылар мен тарихшы ғалымдар қатысқан болатын. Солардың қатарында талантты жазушы, тарихшы әрі шежіреші Момбек Әбдәкімұлы да бар еді. Жиыннан кейін Мәкең өзінің «Сүлеймен қарақшы» деген кітабын төрағаға сыйлаған-тұғын. Сол кітапты Нұрекен қызығып оқып, жұма күні кешке бастап, дүйсенбіге дейін бітіріп тастағанын айтқаны есіме түсіп отыр.

Шындығында, адамның жан дүниесі, асыл қазынасы, рухани байлығының өлшемі, оның ақыл ойының көрінісі – кітап. Нұрсерік Кәрімұлы ОҚО сотында төраға болып тұрғанда жұмыс үстелінің үстінде Абайдың «Қара сөздер» кітабы жататын. Ол Абай шығармаларын қайталап оқудан жалықпайтын. Нұрекеннің бойында бекзаттық пен адам қызығарлық адамгершілік, жауапкершілік және талғампаздық, өнегелілік сынды жақсы қасиеттің барлығы да осы ақын, ағартушы, данышпан, би Абайдың кітабын оқып, зердесіне тоқудан келген-ау деп пайымдаймын.

Осы ретте тағы бір қоса кетпегім, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында судья болып, құрметті демалысқа шыққан белгілі заңгер, ардагер судья Ыбырай Мәтібаев ағамыз: «Кітап оқымайтын, кітапханаға бір рет болса да басын сұқпаған судьяларды Н.Шәріпов қатты сынға алатын» десе, ал 2018–2019 жылдары Шымкент қаласы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы болған Нұрсұлтан Байтілесов бауырымыз: «Нұрсерік Кәрімұлы, әрқашанда үлгілі бастаманың жаршысы. Сіз ашқан кітапханалар сот ғимараттарында мәңгілік мұра болып қалары сөзсіз» – деген болатын.

Мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде басшыларымыздың көпшілігі жоғарғы жақтан әлдебір нұсқаулар күтетіні жасырын емес. Яғни, өзі істеуге тиісті тірлікті басқа біреулер жасап беретіндей психологиядан арыла алмаушылық бар және ол әлі де жалғасуда. Бірақ, мұндай жағдайдың Нұрсерік Кәрімұлына қатысы жоқ. 2012 жылы сот актілерін мемлекеттік тілде сапалы жазуға қатысты облыстық сотта өткен бір отырыста Н.Шәріповтің тым қатал басшы екенін аңғардым және қазақ тілінің мәселесіне келгенде, бұл өте дұрыс талап еді. Осы жиын барысында төрағаның бойында қазақ тіліне деген жанашырлық, ұлтжандылық, мемлекетшілдік қасиеттерінің зор екендігін сезіндім. Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты түрлі жиналыстар мен конференцияларда Нұрсерік Кәрімұлын тыңдай жүріп, оның қазақ тіліне деген шынайы жанашырлығын байқай түстім.

Н.Шәріповтің қатысуымен өткен брифинг, баспасөз мәслихаты, түрлі кездесулер мен конференция, семинар, тренинг және «дөңгелек үстел» мәжілістері, тағы басқа да түрлі іс-шаралардың тізімі тым ұзақ.

Бір жиында сол тізімді көріп қалған бір журналист менен «Сот төрағасы осылардың бәріне қалай үлгереді?» деп сұраған. Сонда мен «Өз ісіне шынайы берілген және жұмысын жетік білетін, өте еңбекқор әрі іскер, сонымен қатар, «Құрметті заңгер» деген атағы бар, талантты басшы бәріне де үлгереді ғой» деп жауап бердім. Журналист жігіт сәл ойланып қалып, шындығында да «Бұл кісі өте білімпаз әрі жан-жақты төраға деп білемін. «Құрметті заңгер» атағы да өз адамын тура тапқан екен» деп, қуанғандай дауысы саңқ ете қалған.

Нұрекен, 2015 жылғы 12 қазанда «Оңтүстік Қазақстан» газетіне берген «Оңтүстікте жүрегі жылы адамдар тұрады» деген сұхбатында: «Мысалы, мен бірнеше жыл Алматыда еңбек еттім. Алматы – мемлекеттің астанасы болған мегаполис қала. Ондағы өмірдің ағымы да, ырғағы да басқа. Айталық, кейбір кездерде облыстарда, шалғай аудандарда адамдар белгілі бір жағдайларға кәдімгідей бас қатырып жатса, алматылықтар үшін ол проблема түк те өзекті емес. Төрт жылдан астам уақыт батыста қызмет атқардым. Алдымен, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, кейінірек Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы болдым. Халықпен көп кездестім. Жаңаөзенде жұртшылықпен жүздесіп, еңбек дауын қараумен айналыстым. Жұмысымды халық дұрыс қабылдады. Жалпы, батыс өңіріндегі ағайынға ризамын. Сіздің ісіңізді ұнатып, әрекетіңізді, сөзіңізді, ойыңызды дұрыс деп тапса, сіз туралы пікірін ешқашан өзгертпейді. Сондай мінез бар. Турашылдықты сүйеді. Өңгімені алыстан орағытпайды, өтің жарылып кетсе де бетіңе тіке айтады. Ал, оңтүстіктің орны мен үшін алабөтен. Студенттік шағымызда да Шымкентке талай жолым түскен. Жора-жолдастарым бар. Оңтүстіктің адамдарындай жүрегі жылы адамдарды жердің өзге бұрышынан кездестіру қиын» деп ағынан жарылыпты.

Бір адамға немесе басшыға баға беру үшін оның сөзі мен ісіне қарау керек. Өзім білетін Н.Шәріповтің сөзі мен ісі әрқашанда бір жерден шығады. Төрағамен талай сөйлесіп, талай пікірлестім. Әр сөйлескенде бір демалып қаламын. Оның көзінде мейірім, сөзінде мәйек, ал ісінде береке барын жақсы білемін. Ал, іскерлігінде мін жоқ. Бір қарасаң, сот залында процесте отырады, бір қарасаң, мәжіліс залында ардагерлермен, адвокаттармен, жастармен, зиялы қауыммен немесе өзге ұлт өкіл-



дерімен, медиаторлармен жиын өткізіп жатса, енді бірде аудандарға барып, активтермен кездесіп жүргені. Тағы бірде балалар үйінде тәрбиеленушілерге сыйлық тапсырып, кейде журналистерді құттықтап, марапаттап жүрсе, енді бірде табиғат аясында спорттық шара өткізіп жүргені. Қайырымдылық жасаудан да қалыс қалмайды және оны тек өзі біледі. Шын мәнінде, Нұрсерік Шәріпов адамдық пен адалдықты, әділдік пен ізгілікті, кішілік пен кісілікті тұла-бойына сыйдыра білген, ардагерлерді ардақтап, құрмет көрсетумен ерекшеленіп жүретін елге сыйлы төраға.

Ел Президентінің 2023 жылғы 16 қазандағы Жарлығына сәйкес, заңдылықты қамтамасыз етуде және азаматтардың құқықтарын қорғауда қол жеткізген табыстары үшін Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Нұрсерік Шәріповке «Парасат» орденін тапсырғанын Жоғарғы Соттың сайтынан және әлеуметтік желіден оқып, қуанып қалдым.

Сонда өзімнің akkaунтымдағы парақшама «Парасат» ордені шын иесін тапқан марапат болды!» деп, мынаны жазған едім: «Бұл мемлекеттік награда Нұрсерік Кәрімұлына ұзақ жылдар бойғы бірнеше облыстар мен қалаларда атқарған жемісті әрі мінсіз қызметі мен сот жүйесін дамытуға қосқан салмақты үлесі және елімізде 2011 жылы қабылданған «Медиация туралы» заңды сотқа келген дауласушы тараптарға түсіндіріп, көптеген азаматтарды татуластыру арқылы оларды келісімге келтіріп, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағын сақтауға қосқан зор үлесі үшін, сонымен қатар, Алматы мен Астана-

да, Маңғыстау мен Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарында сот төрағасы болып істеген жылдары қазақстандық патриотизмді нығайту мақсатында өзі бастама көтеріп, бірқатар игі іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізгені үшін берілгенін іштей толық сезіндім. Әрине, еңбектің еленгені жақсы және елі үшін ерінбей еңбек еткен азаматтың қуанышқа бөленгені одан да жақсы!».

Осыдан он жыл бұрын оңтүстіктің жұрты Нұрсерік Шәріповке: «Адамдармен тез тіл табыса алатын көсемдігі мен сөзге шешендігін және қандай қысылтаяң шұғыл шаруа болса да оны дер кезінде орындауға бар күш-жігерін аямай жұмсайтын мемлекетшіл басшы. Сонымен қатар, кез келген күрделі істің көзін тауып, түйінін шешу арқылы көптің құрметіне бөленген ұлтжанды, парасатты және қайраткер төраға» деп баға берген болатын. Мұндай абыройлы әрі жақсы атаққа Нұрсерік Кәрімұлы, облыста бес жылдан астам адал еңбегімен, әділ төрелігімен және нақты іс-әрекеттерімен жеткен нағыз сұңғыла басшы деп есептеймін.

Биыл асқаралы 60 жасқа толып отырған сот саласының сардары, шын мәнінде, өте білімді әрі білікті, сот жүйесінің майталманы, Жоғарғы Соттың алқа төрағасы Н.Шәріпов әлі де тың идеяларымен елімізді қуанта береді деген толық сенімдемін.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
«Тіл жанашыры» құрмет
белгісінің иегері,
журналист-жазушы

ОПОРА СВОБОДЫ И ЕДИНСТВА



В ЧЕСТЬ ПРАЗДНОВАНИЯ ТРИДЦАТИЛЕТНЕГО ЮБИЛЕЯ
ОСНОВНОГО ЗАКОНА НАШЕЙ СТРАНЫ КОРРЕСПОНДЕНТ
«ЮГ» ПОБЕСЕДОВАЛ С СУДЬЕЙ КОНСТИТУЦИОННОГО
СУДА, ЧЛЕНОМ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ВЫРАБОТКЕ
ПРЕДЛОЖЕНИЙ О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ
В КОНСТИТУЦИЮ РК, ДОКТОРОМ ЮРИДИЧЕСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРОМ ЕРКИНОМ АНУАРОВИЧЕМ ОНГАРБАЕВЫМ.

– **Уважаемый профессор, какие положения Конституции вызывают наибольший интерес у международных наблюдателей и экспертов?**

– На мой взгляд, наибольший интерес вызывают реализация принципа разделения властей, статус и полномочия президента, а также избирательная система. В ст. 3 Конституции утверждается, что власть в РК осуществляется в соответствии с принципом ее разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви, а также их взаимодействия между собой с использованием системы сдержек и противовесов.

В то же время международные наблюдатели и эксперты отмечали особый статус президента Казахстана, который обладает самыми широкими полномочиями. Кроме того, Первый Президент мог быть избран на свою должность неограниченное количество раз.

По инициативе ныне действующего Президента Касым-Жомарта Токаева была проведена конституционная реформа 2022 года, в результате которой осуществлен переход «от суперпрезидентской формы правления к президентской республике с влиятельным парламентом и подотчетным правительством».

Уникальность нашей конституционной реформы в том, что Глава государства сам предложил изменить полномочия президента, несмотря на то, что в целом в мире есть тенденция к усилению исполнительной ветви власти, особенно на региональном уровне. Кроме того, он принял решительные меры для преодоления семейно-клановой системы и монополизации власти.

Теперь, в соответствии с новой редакцией Конституции, Президент РК избирается сроком на семь лет. При этом в п. 5 ст. 42 закреплено, что одно и то же лицо не может быть избрано Президентом РК более одного раза.

Новеллами Конституции являются п. п. 3 и 4 ст. 43:

«3. На период осуществления своих полномочий Президент Республики Казахстан не должен состоять в политической партии.

4. Близкие родственники Президента Республики Казахстан не вправе занимать должности политических государственных служащих, руководителей субъектов квазигосударственного сектора».

Несомненно, что данные изменения обеспечивают более реальную реализацию принципа разделения властей, предусмотренного нашей Конституцией.

Серьезные изменения произошли и в избирательной системе. В настоящее время избрание депутатов Мажилиса производится по смешаной избирательной системе: по системе пропорционального представительства по территории единого общенационального избирательного округа; а так-

же по одномандатным территориальным избирательным округам (п. 3 ст. 50 Конституции).

Кроме того, введена выборность акимов. В п. 4 ст. 87 Конституции предусмотрено, что акимы областей, городов республиканского значения и столицы назначаются на должность Президентом РК с согласия депутатов маслихатов, расположенных на территории соответствующей области или города республиканского значения и столицы.

Президент республики предлагает не менее двух кандидатур, по которым проводится голосование. Кандидат, набравший большее количество голосов депутатов маслихатов, принявших участие в голосовании, считается получившим согласие.

– **Еркин Ануарович, насколько наша Конституция гармонирует с международными договорами, участником которых является Казахстан?**

– 2 марта 1992 года Казахстан стал членом Организации Объединенных Наций. Соответственно, мы признаем основополагающие документы ООН: Устав ООН, Всеобщую декларацию прав человека, Пакты о правах человека.

Необходимо особо выделить Всеобщую декларацию прав человека, принятую 10 декабря 1948 года. Эта дата с тех пор отмечается во всем мире как День прав человека. В ней воплощена теория естественного права и равенства, заключающаяся в том, что права и свободы человека принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и неотчуждаемыми, определяют содержание и применение законов и иных нормативных правовых актов.

Практически все международные стандарты прав человека нашли свое урегулирование в ст. ст. 10–39 нашей Конституции. Кстати, не во всех конституциях стран мира имеются отдельные разделы о правах человека и гражданина. Следует подчеркнуть, что бесспорным достоянием Конституции является признание государством того, что человек, его жизнь, права и свободы являются наивысшей ценностью, поэтому защищаются и оберегаются государством.

Таким образом, права и свободы человека и гражданина, установленные в нашей Конституции, практически совпадают с правами и свободами, изложенными в основных международно-правовых документах, посвященных урегулированию этих прав и свобод.

В Конституции есть ряд положений, непосредственно касающихся аспектов международного права: о приоритете международных договоров, ратифицированных республикой, перед ее законами (п. 3 ст. 4); об обязательности опубликования всех законов и международных договоров, участником

которых является республика (п. 4 ст. 4); об уважении Республикой Казахстан принципов и норм международного права (ст. 8).

Суверенный Казахстан на протяжении своей истории ратифицировал достаточно большое количество международных договоров. Среди них можно выделить наиболее значимые: о ратификации Международного пакта об экономических, социальных и культурных правах; о ратификации Международного пакта о гражданских и политических правах; о ратификации Факультативного протокола к Международному пакту о гражданских и политических правах; о ратификации Второго факультативного протокола к Международному пакту о гражданских и политических правах, направленного на отмену смертной казни.

Ратификация последнего документа является ярким примером гармонизации казахстанских правовых норм с международными договорами.

Согласно данному международному документу страны-участники принимают следующие обязательства: не применять смертную казнь и принимать все необходимые меры для отмены смертной казни в рамках своей юрисдикции.

Как вы знаете, в рамках конституционной реформы 2022 года по инициативе Президента Касым-Жомарта Токаева ст. 15 Конституции была изменена, и сейчас в ней предусмотрено: «1. Каждый имеет право на жизнь. 2. Никто не вправе произвольно лишать человека жизни. Смертная казнь запрещается».

По данному вопросу в Конституционный Суд поступило обращение гражданина.

В соответствии с п. 1 ч. 8 ст. 72 Уголовного кодекса условно-досрочное освобождение не применяется к осужденным, которым назначенное наказание в виде смертной казни было заменено лишением свободы в порядке помилования либо в связи с применением закона, отменяющего смертную казнь. Субъекту обращения смертная казнь была заменена пожизненным лишением свободы в порядке помилования.

Конституционный Суд указал, что установленные ограничения по применению УДО для указанной категории лиц в нынешней ситуации связаны с несуществующим видом наказания. В ст. 15 Конституции установлен запрет на применение смертной казни, а в уголовном и уголовно-исполнительном законодательстве нормы о ней исключены.

Таким образом, сохранение этого ограничения в Уголовном кодексе для указанной группы осужденных не согласуется с Конституцией.

На основании изложенного Конституционный Суд признал п. 1) ч. 8 ст. 72 УК не соответствующим Конституции и рекомендовал Правительству внести

в Мажилис проект закона о внесении изменений и дополнений в УК РК в соответствии с правовыми позициями, изложенными в своем решении.

В целях приведения в соответствие с Конституцией Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оптимизации уголовного законодательства» п. 1) ч. 8 ст. 72 был исключен.

Вышесказанное подтверждает, что наша Конституция гармонирует с основополагающими международными документами и международными договорами, которые ратифицировал Казахстан.

– Какие элементы Конституции Казахстана можно назвать особенными в сравнении с конституциями зарубежных стран?

– По моему мнению, таким элементом является конституционное закрепление Ассамблеи народа Казахстана. В Стратегии «Казахстан-2050» отмечается: «гражданский мир и межнациональное согласие – наша главная ценность». Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном. Ассамблея народа Казахстана стала уникальной евразийской моделью межэтнического согласия и взаимодействия культур.

В 2007 году Ассамблея народа Казахстана обрела конституционный статус.

В п. 20) ст. 44 предусмотрено, что Президент РК образует Ассамблею народа Казахстана.

В п. 2 ст. 50 Конституции говорится: «Десять депутатов Сената назначаются Президентом Республики, пять из которых – по предложению Ассамблеи народа Казахстана».

Новая редакция п. 2 ст. 50 установила сокращение президентской квоты в Сенате с 15 до десяти депутатов. Причем, пять из них рекомендуются Ассамблеей народа Казахстана. В свою очередь, положения старой редакции п. 1 ст. 51 о том, что девять депутатов Мажилиса избираются Ассамблеей народа Казахстана, исключены. Таким образом, квота Ассамблеи народа Казахстана была передана в Сенат.

Закрепление в новой редакции Конституции запрета для близких родственников Президента занимать должности политических госслужащих и руководителей субъектов квазигосударственного сектора тоже, на мой взгляд, можно считать особенным. Принятие указанного запрета на уровне конституционных норм противодействует nepотизму, семейно-клановой модели подбора руководящих кадров, монополизации власти.

– Как вы считаете, соответствует ли наша Конституция стандартам Венецианской комиссии?

– Официальное название Венецианской комиссии – «Европейская комиссия за демократию через

право». Она является консультативным органом по конституционному праву, созданным при Совете Европы в 1990 году. С 2002 года участвовать в работе комиссии могут и страны, не входящие в Совет Европы.

Сессии проходят в Венеции, штаб-квартира находится в Страсбурге. В нее входят все 46 государств – членов Совета Европы, а также ряд неевропейских стран, в том числе и Казахстан.

Основная форма работы комиссии – анализ законов и законопроектов государств участников, затрагивающих проблемы конституционного права.

С 1998 года Казахстан имел статус наблюдателя. В 2012 году Казахстан стал полноправным членом Европейской комиссии за демократию через право.

Казахстан подчеркивает приверженность верховенству права и защите прав и свобод человека, продолжает традиционное сотрудничество с Венецианской комиссией, продвигая принятие фундаментальных и общечеловеческих подходов в законотворчестве.

В своей работе Венецианская комиссия руководствуется тремя базовыми принципами: демократия, защита прав человека и верховенство закона.

Особый интерес представляет принятый на 106-м пленарном заседании Венецианской комиссии (Венеция, 11–12 марта 2016 года) «Контрольный список вопросов для оценки соблюдения верховенства права».

Ключевые критерии верховенства права, выделенные в Контрольном списке для стран: законность; правовая определенность; предотвращение злоупотребления полномочиями; равенство перед законом и недискриминация; доступ к правосудию.

Все эти критерии верховенства права соблюдены в нашей Конституции.

Казахстан обращался в Венецианскую комиссию по вопросу о внесении изменений и дополнений в Конституцию РК в марте 2017 года. По итогам заслушивания мнений экспертов, членов комиссии и представителей Казахстана, комиссия приняла заключение, в котором подчеркивалось, что конституционные изменения в РК представляют собой шаг вперед в процессе демократизации государства. Реформа задает правильный вектор в дальнейшем развитии страны и свидетельствует об очевидном прогрессе.

17–18 июня 2022 года состоялась 131-я пленарная сессия Венецианской комиссии, где представители нашей страны выступили и проинформировали европейский орган и международное юридическое сообщество о проведенной в стране конституционной реформе.

Руководство Венецианской комиссии позитивно отнеслось к проходящим в Казахстане преобразова-

ниям и выразило готовность оказывать при необходимости экспертную помощь.

– Можно ли сказать, что реформы последних лет усилили соответствие Конституции международным стандартам?

– Несомненно. Конституционные изменения укрепили со всей очевидностью приоритет прав и свобод человека, демократических ценностей гражданского общества, сформулировав прочный правовой фундамент для строительства Справедливого Казахстана, реализации принципа «Закон и Порядок».

Главные моменты конституционной реформы: создание дополнительных условий для утверждения реальной многопартийности; пересмотр требований и подходов к избранию Президента РК; демократизация выборов Мажилиса Парламента; введение альтернативности и кандидатур при назначении акимов областей, городов республиканского значения и столицы; повышение роли и статуса Парламента; усиление ответственности Правительства; отмена смертной казни; укрепление правового статуса и задач Уполномоченного по правам человека; воссоздание Конституционного Суда РК.

Отдельно следует выделить создание Конституционного суда. Как заявил Глава государства: «Не будет преувеличением сказать, что Конституционный суд станет олицетворением Справедливого Казахстана».

Вы знаете, что в большинстве стран мира функционируют конституционные суды. Поэтому возобновление деятельности Конституционного суда в нашей стране вместо ранее существовавшего Конституционного совета является признаком соответствия международным стандартам.

Одной из новелл в деятельности Конституционного суда является расширение субъектов обращения. Ранее граждане не могли напрямую обращаться в орган конституционного контроля. Предоставление права гражданину на прямое обращение в Конституционный суд стало важнейшим этапом развития правозащитных механизмов в обеспечении конституционных прав и свобод граждан. Кроме того, новыми субъектами обращения стали Уполномоченный по правам человека и Генеральный прокурор.

Положения нормативных постановлений Конституционного суда РК находят практическое применение, оказывая положительное воздействие на законотворческую деятельность Парламента и Правительства, на повышение качества работы судов, прокуратуры и правоохранительных органов.

Беседовал Ришат МАХСУТОВ

АТА ЗАҢ – БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІҢ БАҒДАРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ 1995 ЖЫЛЫ 30 ТАМЫЗДА ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ҚАБЫЛДАНДЫ. ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КОНСТИТУЦИЯНЫ ДАЙЫНДАУҒА ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСҚАНЫН МАҚТАН ТҰТАДЫ. ОЛАР – САЛЫҚ ЗИМАНОВ, ҒАЙРАТ САПАРҒАЛИЕВ, СҰЛТАН САРТАЕВ. МЫСАЛЫ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ СҰЛТАН САРТАЙҰЛЫ САРТАЕВ 1995 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНҒАНЫН ЕСКЕ АЛАТЫН ЕДІ.

Бұл Конституцияны жасаушылар мемлекеттік билікті үш тармаққа бөлді: заң шығарушы билігі, атқарушы билігі және сот билігі. Онда Президенттің кең өкілеттіктері нақты айқындалды. Өтпелі кезеңде ол ең өзекті мәселелерді тез және уақытылы шешуі тиіс. Осы құжатқа сәйкес, Президент мемлекеттің барлық маңызды мәселелерін шешіп қана қоймай, республикамыздың Конституциясының кепілі болды. 1995 жылғы Конституцияға қандай да бір нысанда енгізілген басқа да негізгі заңдар ҚР Мемлекеттік егемендік туралы декларация және Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заң болды. Бұл құжаттарда бүкіл әлемге ең алдымен біздің демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруға деген ниетіміз көрсетілді. Конституция қазіргі Қазақстанның келбетін ай-

қындайтын негізгі құндылықтардың жүйелі заңдық көрінісі болып табылады, бұл адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, нарықтық экономика, демократиялық дәстүрлер мен құқықтық мемлекет қағидаттарын ұстану.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев: «Қазақстан Конституциясы әлемдік озық тәжірибе мен сондай-ақ, тарихи және ұлттық дәстүрлерді өзіне ала отырып, халықтың бірлігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігінің берік іргетасы қызметін атқарады», – деп атап өтті. Заң факультетінде 2011 жылы «Мемлекет пен құқық теориясы мен тарихы» және «Конституциялық және әкімшілік құқық» кафедраларының негізінде құрылған ұзақ тарихы мен дәстүрі бар «Мемлекет пен құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік

құқық» кафедрасы табысты жұмыс істейді. Кафедра оқытушылары заң шығару қызметіне белсенді қатысады, қолданыстағы заңнама бойынша түсіндірмелер береді, жетекші шетелдік және ұлттық журналдарда жарияланатын нормативтік құқықтық актілердің сарапшылары, оқулықтардың, монографиялардың, ғылыми мақалалардың авторлары болып табылады.

Жыл сайын Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орайластырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. Конференцияның мақсаты – әділ Қазақстанды құру жөніндегі стратегиялық идеяларды, конституциялық нормаларды, құқықтық практиканы саяси-құқықтық талдау. Қатысушылар Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихи даму жолының ерекшеліктерін, оның негізгі мазмұнын ашып көрсетуді, оны әлемдік стандарттар тұрғысынан бағалауды қорытындылайды.

Конференцияға дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының судьялары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, азаматтық қоғамдастықтың өкілдері, Қазақстанның жетекші ғалымдары, оқытушылар, докторанттар, магистранттар, БАҚ өкілдері қатысады.

Егер елде қолданыстағы Конституция болмаса, ҚазҰУ-дың барлық жоғары жетістіктері мүмкін болмас еді.

Университет ғалымдарының халықаралық жарияланым аренасындағы белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалады. Бірқатар зерттеулер жетекші шетелдік университеттер мен ғылыми орталықтар бірлесіп орындады және қазіргі заманның өзекті проблемаларын шешуге бағытталған. Өткен оқу жылында ҚазҰУ ғалымдары Scopus халықаралық дерекқорында 1 591 мақала жариялады. Олардың 1 276-сы – шолулар мен зерттеу мақалалары, ал 400-ге жуық жарияланым 50-ден жоғары пайызбен бірінші және екінші квартильдердің жоғары рейтингтік журналдарында орналастырылған. Бұл жарияланымдар тек шетелдік ғылыми басылымдарда ғана емес, ҚазҰУ-дың жеке ғылыми журналдарында да жарияланды. Қазіргі уақытта университет 26 ғылыми журнал шығарады, оның 5-і Scopus базасында, ал 6-ы Web of Science базасында индекстеледі. ҚазҰУ ғылыми журналдарының деңгейі жыл сайын өсіп келеді. Бұдан басқа, жас зерттеушілердің ғылыми белсенділігін қолдау үшін гранттар мен стипендиялық бағдарламалар іске асырылуда. ҚазҰУ жарияланымдар мен дәйексөз көрсеткіштерін болашақта ұлғайтуға ниетті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдарының 110 ғылыми

жобасы 2025–2027 жылдарға арналған гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарының жеңімпаздары атанды.

ҚазҰУ іске асырылып жатқан ғылыми жобалардың саны бойынша елімізде бірінші орында тұр. 2025 жылы университетте жалпы сомасы 15,8 млрд теңгеге 424 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүзеге асырылуда.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» ҰАҚ – терең іргелі дайындықты тәжірибеге бағдарланған инновациялармен үйлестіретін ғылыми-білім беру орталығы, ол білім беруді дамытудың заманауи күн тәртібіне және БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары 4 цифрлық және гибридік технологияларды қолдана отырып, барлық студенттер үшін қолжетімділікті, инклюзивтілікті және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге сәйкес келетін жаңа білім беру технологияларын белсенді енгізеді. Ғылыми-білім беру университеті қазіргі заманғы инновациялар жағдайында жаңа білім беру әдістемелерін интеграциялау орталығына айналууда.

Қазіргі университет жаңа 2025–2026 оқу жылына белсенді дайындалуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқу үшін 4535 талапкер білім грантына ие болды. Жатақхана ғимараттарында ауқымды косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Басқарма төрағасы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев студенттердің оқуы мен өмір сүруі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударады. Ол жөндеу жұмыстарының барысын, олардың орындалу сапасын жеке өзі тексереді. Университет аумағындағы алаң мен аллеяны қарқынды қайта жаңарту жүргізілуде. Мақсаты – университеттің келбетін жаңарту және студенттер мен қызметкерлерге жайлы және әдемі қоғамдық кеңістікті ұсыну арқылы серуендеу, демалу, таза ауада кітап оқу немесе достармен кездесу үшін маңызды орынға айналдыру.

ҚазҰУ бұл тек білім және ғылым орталығы ғана емес, сонымен қатар кампустың жайлы және тартымды мәдениетін қалыптастыратын заманауи университет екенін тағы да дәлелдеп отыр.

С. ТЫНЫБЕКОВ,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының профессоры*

О. ЛОЖНИКОВА,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподақ
комитеті төрағасының орынбасары*

ИНСТИТУТ ФИДУЦИАРНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ И ОТВЕТСТВЕННОСТИ В КОРПОРАТИВНОМ ПРАВЕ



Кристина ЮГАЙ,
*юрист палаты
юридических
консультантов
Юстус г. Алматы*

АННОТАЦИЯ:

В данной статье предлагается общий обзор на правовую сущность фидуциарных обязанностей и ответственность лиц (директоров), принявших на себя обязательство действовать за и в интересах определенного лица (собственника/бенефициара) в корпоративных отношениях. Фидуциарные обязанности рассмотрены с точки зрения системы общего права (англо-американская правовая семья) и романо-германской (континентальная) правовой семьи с элементами сравнения сущности фидуция (доверия).

Целью данного исследования является определение автором общей правовой природы, обязанностей и ответственности фидуциаров, в том числе сравнение общих характерных черт, присущих субъектам правовых отношений, возникающих в рамках исполнения фидуциарных обязанностей в корпоративном праве.

В ходе проведенного исследования автором использовались методы: историко-правовой (исторический метод), метод сравнительного анализа, логико-юридический методы. Эмпирическую базу составляют результаты собственных исследований, исследования других научных деятелей, зарубежных авторов и прочие источники информации.

Ключевые слова: фидуциарные обязанности, фидуциарная ответственность, фидуциант, фидуциарий, фидуциарные отношения, корпоративные отношения, корпоративное право, исполнительный орган, юридическое лицо.

ВВЕДЕНИЕ

В первую очередь необходимо отметить, что фидуциарные обязанности (обязательства) как таковые, возникли в римском праве в рамках исполнения обязательств фидуциарного (доверительного) гражданско-правового договора. Так, изначально фидуциарные обязанности возникали в результате передачи одним лицом определенной вещи (в доверительное управление) другому лицу, с условием ее возврата, при наступлении определенных, заранее обусловленных условий. [1].

Термин «*fiducia*» с латинского языка означает «доверие». Термин «*fiducia*», как указывает Ровный В.В. в своих заметках о фидуциарном договоре, является формально-реальным договором, и некой исторической предпосылкой, прототипом для целого ряда будущих самостоятельных договоров. [1]. В последующем, фидуциарные обязанности получили свое дальнейшее развитие и распространение уже в рамках системы общего права (англо-американская правовая семья), но не только в качестве доверительного управления определенным имуществом, передаваемым одним лицом другому или, выполнение функций представительства этого лица, но предельно расширив трактование самого термина «*fiducia*» до установления фактического влияния (и власти) одного лица над другим.

Таким образом, в самом широком понимании, «*fiducia*» – это отношения, возникающие между определенными лицами, основанные на доверии. Следует добавить, что такие отношения характеризуются заранее обусловленными условиями взаимодействия между такими лицами, наделением одним лицом определенных полномочий в целях реализации возложенных последнего выложенных обязанностей за и в интересах лица, которая эти полномочия предоставила. Из чего прямо следует, что для возникновения фидуциарных обязанностей и соответственно, последующей ответственности за неисполнения возложенных обязанностей, необходимо возникновение фидуциарных правоотношений между лицами, а в более широком смысле – возник-

новения способности одного лица влиять на действия другого лица.

Фидуциарные обязанности нельзя отнести к определенной отрасли права и правоотношениям, возникающим из представительства одной стороны, соответственно, как указывает Ровный В.В. следует говорить о существовании элементарной классификации – делении гражданских договоров на фидуциарные и иные [1]. Как правило, в системе общего права (англо-американская правовая семья), доверенное лицо (лицо, совершающее определенные действия в интересах своего доверителя) несет и фидуциарные обязанности, т.е. перечень обязательств, принимаемых на себя определенным лицом для выполнения определенного поручения.

В гражданском праве возникновение фидуциарных отношений между сторонами возможно через доверительное управление определенным имуществом, посреднических договоров (поручения и комиссии). В корпоративном праве возникновение фидуциарных отношений и исполнение фидуциарных обязанностей происходит между определенным лицом (директором и/или в широком смысле любым управляющим лицом) и компанией (бенефициаром). Соответственно, в зависимости от вида фидуциарных отношений, отличаются и виды субъектов, т.е. фидуциаров, принимающих на себя обязательства действовать в интересах другого лица (доверителя/бенефициара).

В связи с тем, что в данной статье автор рассматривает фидуциарные обязанности в рамках корпоративных отношений, фидуциарами являются директора, а в широком смысле этого слова – любое управляющее, должностное лицо компании. Правовой целью фидуциарных сделок является передача управленческих полномочий по совершению определенных действий за и в интересах собственника (бенефициара).

ОСНОВА ИССЛЕДОВАНИЯ

С точки зрения построения корпоративных отношений, фидуциарные обязанности, как автор указал ранее, выражаются в сути наделения собственником (бенефициаром) компании конкретными полномочиями другого лица. В связи с тем, что по своему субъектному составу, фидуциары подразделяются на виды, в зависимости от осуществления своих правомочий и деятельности. Так, в корпоративном

праве ими выступают директора, управляющие и должностные лица компаний, которые обязаны действовать разумно и в интересах собственника (бенефициара), осуществляя управление имуществом (активами) принадлежащей собственнику (бенефициару) компании и обеспечение должной сохранности вверенного ему имущества [2]. За неправомерную реализацию данных им полномочий или проявление бездействия, фидуциары несут ответственность.

Несмотря на то, что зачастую фидуциарами в корпоративном праве выступают директора, в широком смысле этого слова ими могут быть любые заинтересованные лица, способные оказывать влияние, управлять, в том числе посредством предоставления рекомендаций и советов другому лицу.

Таким образом, фидуциарные обязанности – определенные компанией (собственником), договором или иным соглашением – перечень обязательств, которое наделяемое лицо (фидуциар) должно исполнить в интересах собственника (бенефициара), избегая, при этом, извлечение из своего положения какой-либо личной выгоды и конфликта интересов (объективное и беспристрастное выполнение своих обязанностей).

Как отметила Тягаева Т. О., фидуциарные права и обязанности являются центральной концепцией корпоративного управления в США [3]. Данный вывод является справедливым по мнению автора, поскольку известное нам корпоративное управление является ничем иным как передачей прав и обязательств от одного лица другому.

Немаловажно отметить, что обязанности возникают из общепринятых стандартов поведения фидуциара. Так, корпоративные фидуциары должны добросовестно и с должной осмотрительностью действовать и исполнять возложенные на них обязанности.

Согласно Закону о компаниях (Companies Act 2006) Англии и Уэльса, введены основные обязанности директоров, при этом, выделены две основные обязанности при осуществлении директорами своих полномочий: действовать добросовестно и действовать в интересах компании [4]. Сформированное научное понимание подводит к тому, что все лица (директоры) несут в равной степени особые доверительные обязанности, так как любые действия директоров признаются действиями самой компании, а цель доверительной функции состоит

в обеспечении сохранности вверенного имущества (активов) и избежание рисков [5]. Среди остальных фидуциарных обязанностей директоров выделены: не нарушать закон, соблюдать правила, не осуществлять действия прямо или косвенно в которых, директор может быть материально заинтересован.

Следует дополнить, что так как Закон о компаниях не предусматривает деление обязанностей (конкретизацию лиц) на каждый отдельный состав компании (совет директоров, совет правления), необходимо понимать, что такие обязанности распространяются на каждое управляющее лицо (персонал) компании [6].

Рассмотрев концепцию фидуциарных обязанностей в США, которые в своей правовой природе построены и регулируются прецедентным правом, среди основных (базовых) фидуциарных обязанностей можно выделить добросовестность (*duty of care*) и лояльность (*duty of loyalty*). Однако, судебные доктрины выделяют отдельные обязанности, так или иначе вытекающие из вышеуказанных основных фидуциарных обязанностей, например: добросовестность (*duty of good faith*), обязанность обеспечить прозрачную систему отчетности и контроля за так называемыми «красными флагами» (*duty of oversight*, обязанность раскрывать и предоставлять полную и правдивую информацию перед собственником (бенефициаром) (*duty of disclosure*) и прочие.

В судебном прецеденте по делу *Smith v. Van Gorkom* // *In re Caremark International Inc. Derivative Litigation* установлены высокие стандарты для лиц, исполняющих обязательства. Судом особо отмечено, что поскольку директор наделен ответственностью и правом управления делами корпорации (компании), он должен исполнять эту обязанность осознывая, что действует от имени других лиц. Кроме того, такая обязанность не терпит недобросовестности или злоупотребления служебным положением. Отмечено также, что исполнение своей фидуциарной функции требует больше чем просто отсутствие недобросовестности или мошенничества. И самое важно также отмечено, что директор обязан защищать интересы и критически оценивать информацию в рамках сложившихся обстоятельств. [7].

В качестве сравнения, в корпоративном акте юрисдикции МФЦА (*Astana International Financial Centre*), а с точки зрения правовой доктрины

МФЦА представляет собой сочетание институтов английского общего права и национального права Республики Казахстан [8], выделены следующие общие фидуциарные обязанности директоров в компаниях, например: выделяется обязанность избегать конфликта интересов в отношении любого имущества, информации или возможности, которые лицо (директор) получает и/или которые известны этому лицу; кроме того, выделяется обязанность не принимать никакой выгоды от третьих лиц [9].

Кроме того, выделяются: действовать в пределах своих полномочий, продвигать успех (успешность) своих компаний (учитывая вероятные последствия своих решений в долгосрочной перспективе, интересы сотрудников компании и пр. лиц), поддержание репутации компании с высокими стандартами делового поведения; сохранять независимость суждения, проявлять разумные заботливость, навыки и осмотрительность [9].

Рассмотрев и выделив общие характерные формы для фидуциарных обязанностей, можно сказать, что основной чертой таких обязанностей является действие директора действовать добросовестно и в максимальных интересах своих компаний (собственника/бенефициара).

Касательно вопроса ответственности директора компании, Чеснокова Ю.В. выделяет следующие виды: гражданско-правовая ответственность, уголовная, трудовая и дисциплинарная [10]. В рамках, применительно к российскому праву, Овсянников В.И. указывает, что выделение видов ответственности обусловлены лишь общими чертами ответственности исполнительного органа, когда при определении фидуциарной ответственности необходимо детальное правовое регулирование. [11].

Тиунова П.П. определяет, что для привлечения директора к гражданско-правовой ответственности необходимо установить: конкретные нарушения его фидуциарных обязанностей, сумму убытков, причинно-следственную связь и вину директора [12]. Нарушение фидуциарных обязанностей может повлечь за собой: возмещение убытков, причиненных директором ввиду ненадлежащего исполнения (неисполнения) своих обязанностей, в том числе присуждение собственнику (бенефициару) полученных доходов ввиду ненадлежащего исполнения (неисполнения) своих обязанностей; ответственность за злоупотребление полномочиями, мошеннических

действий, присвоение или растрата вверенного имущества.

Стоит дополнить, что с точки зрения системы общего права имеется механизм наложения прямых санкций на лицо, не исполнившее (исполнившее ненадлежащим образом) свои обязательства в виде штрафов, в этом случае, штрафы выплачиваются напрямую собственнику (бенефициару), что значительно упрощает взыскание убытков и их определения [13].

В странах с системой общего права фидуциарные отношения имеют достаточно продолжительную историю, что подразумевает и их детальную правовую регламентацию (многочисленная судебная практика по фидуциарным спорам, четкие стандарты поведения в корпоративных отношениях). Международные стандарты корпоративного управления (OECD Principles of Corporate Governance) разработаны и устанавливают основные критерии для управления компаниями, и включают в себя принципы фидуциарных обязанностей и ответственности управляющих лиц. Данные стандарты достаточно распространены и применяются во многих юрисдикциях, в том числе и для совершенствования национального законодательства.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Автор в своей обзорной статье попытался сравнить фидуциарные обязанности с точки зрения системы общего права (англо-американская правовая семья) и романо-германской (континентальная) правовой семьи, а также установить общую ответственность в рамках корпоративных отношений. Было выяснено, что фидуциарные обязанности в корпоративном праве напрямую связаны с качеством корпоративного управления, увеличением дохода и экономических показателей компании. Фидуциарные обязанности необходимы для поддержания стабильности компании и исключения риска недобросовестных действий (бездействий) со стороны привлекаемых лиц. Ключевой особенностью фидуциарных отношений в корпоративном праве являются доверительные отношения и обязанность фидуциара действовать за и в интересах собственника (бенефициара). Доверительные отношения носят личных и длящийся характер, взаимодействие между лицами на основе их добросовестности, разумности и интереса [14].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ровный В.В. Заметки о фидуциарном договоре. Fiducia в римском праве 2015. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zametki-o-fidutsiarnom-dogovore-fiducia-v-rimskom-prave>. Текст: электронный.
2. Луценко С.И. Фидуциарные правила игры и природа управления в компании. Стратегические решения и риск-менеджмент 2019. –.
3. Тягаева Т.О. Сравнительный анализ фидуциарных прав в корпорациях РФ и США. 2024. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-fidutsiarnyh-prav-v-korporatsiyah-rf-i-ssha>. Текст: электронный.
4. Companies Act 2006 (CA 2006) (section 65 Duties)
5. L.S. Seally. The director as trustee / Andrew Hicks, S.H. Goo. Cases and Materials on Company Law. 6th edition. Oxford University Press Ins., New York, 2008.
6. Агламазова В.В. Концепция фидуциарных правоотношений и возможность ее применения в корпоративном праве России.
7. Smith v. Van Gorkom case 488 A.2d 858 (1985) // law justia US
8. Нажмиденов Е. Обзор юрисдикции и правовой базы Международного финансового центра Астаны (МФЦА). 2024. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31739172&pos=6;-106#pos=6;-106. Текст: электронный.
9. AIFC Companies Regulations (консолидировано на 01.01.2025): гл. о «Duties of Directors» (§§ 77–84, 85). 2025.
10. Чеснокова Ю.В. Тенденции развития гражданско-правовой ответственности единоличного исполнительного органа. 2020.
11. Овсянников В.И. Ответственность единоличного исполнительного органа юридического лица как элемент его правового статуса, неразумность и недобросовестность в действиях органа юридического лица / Universum: экономика и юриспруденция. 2023. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otvetstvennost-edinolichnogoispolnitelnogo-organa-yuridicheskogo-litsa-kak-element-ego-pravovogo-statusa-nerazumnost-i>. Текст: электронный.
12. Тиунова П.П. Ответственность единоличного исполнительного органа как элемент правового статуса / Наука через призму времени. - 2020.
13. Королькова Д.А. Фидуциарные сделки, правоотношения и ответственность. 2023. - URL: <https://www.law.ru/article/28065-fidutsiarnye-sdelki-pravootnosheniya-i-otvetstvennost>. Текст: электронный.
14. Буркова Л.Н. К вопросу о фидуциарном (доверительном) характере гражданских правоотношений. 2011. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-fidutsiarnom-doveritelnom-haraktere-grazhdanskih-pravootnosheniy>. Текст: электронный.
15. Howard Smith Ltd v. Ampol Petroleum Ltd.

ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІ



Ғалия ОҒЛАНБЕКОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық
сотының судьясы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ»
ЗАҢЫ ҚАЗАҚ БИЛЕРІ САЛҒАН САРА ЖОЛДЫ ЖАҢҒЫРТТЫ.
ОЛАЙ ДЕЙТІНІМІЗ, БАБАЛАРЫМЫЗ АЙТҚАНДАЙ «ЕЛ ІШІ
ДАУСЫЗ БОЛМАЙДЫ». КЕЗ КЕЛГЕН ДАУ-ДАМАЙДЫ ТӨЛЕ
БИ, ҚАЗЫБЕК БИ, ӘЙТЕКЕ БИ СЫНДЫ АЙТУЛЫ БИЛЕР
БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШІП ОТЫРҒАН. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА
ТҮРМЕ АТАУЛЫНЫҢ БОЛМАУЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДАУ
ШЕШУДЕ ЕҢ ОЗЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНҒАНЫН КӨРСЕТЕДІ.
ДАУДЫ ТАТУЛАСТЫРУ, МЕДИАЦИЯ, ПАРТИСИПАТИВТІК
РӘСІМДЕР АРҚЫЛЫ БІТІРУ ЕКІ ТАРАПТЫ ДА ТОЛЫҚ
ҚАНАҒАТТАНДЫРАТЫН НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ.

Аталған рәсімдер еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығын, құпиялықты сақтауымен маңызды. Медиация туралы заң жеке және заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде қолданылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізде дауды татуласу рәсімдерінің аясында бітіруге оң көзқараспен қарайтындар саны жылдан-жылға артуда.

Жоғарыда аталған заңмен бекітілгендей, медиация рәсімі сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болған кезде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы өзге де қылмыстық істерде қолданылмайды. Тағы бір айтып өтерлігі, тараптардың бірі мемлекеттік орган болған жағдайда жеке және заңды тұлғалар қатысатын дауларға медиация рәсімі заңда көзделген кезде ғана қолданылады.

Қазіргі таңда тараптарды татуластыру рәсімдерін жандандыруға айрықша мән берілуде. Еліміздің барлық өңірінде татуластыру орталықтары мен медиация кабинеттері ашылып, Билер кеңесі құрылған. Бұған қоса заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сай, «татуластырушы судья», «сотқа дейінгі хаттама» деп аталатын жаңа институттар жұмыс істейді. Бұлар өз кезегінде татуластыру рәсімдерінің қолдану аясын кеңейтті. Бұл рәсімнің құпия түрде өтуі іскерлік қатынастар үшін өте маңызды.

Татуластыру рәсімдерінің басты артықшылығы тараптардың уақыты мен шығынын үнемдейді. Өйткені, сот процесі бірнеше айға, тіпті, жылдарға созылуы мүмкін, ал дауды өзара келісіммен бітіру бір-екі кездесудің нәтижесінде шешіледі. Мұны айтып отырғанымыз, дау-жанжалдың сотқа жетуі екі жаққа да үлкен материалдық шығын әкеледі әрі оның психологиялық тұрғыда да ауыртпалығы көп. Мысалы, сот процестерінің ұзаққа созылуы тараптардың уақытымен қоса қаражатына, денсаулығына

да салмақ түсіреді. Сондықтан дау-дамайды ортақ келісіммен аяқтау, яғни, тараптардың ерікті келісімі негізінде шешу тиімді. Дау-жанжалды екі жақты да қанағаттандыратын шешіммен бітіру адамның құқығы мен бостандығына деген құрметті арттырып қана қоймай, өркениетті қоғам қалыптастыруға жол ашады.

Дана халқымыз ұрпақтарына бітіммен біткен істе береке барын өсиет етіп кеткен. Дауды татуластыру рәсімдерімен бітіргенде мемлекеттік баж төленбейді. Заңгер, адвокат жалдап шығынданбайсыз. Ең бастысы, іскерлік, ағайын-туыстық, достық, әріптестік қарым-қатынас сақталады. Партиципативтік келісім, татуласу келісімі не медиациялық келісім болсын, әр тарап оны жасасқанда өзіне қолайлы шартты қабылдайды.

Айта кетерлігі, ел заңдары дауласушы тараптарға даудың кез келген кезеңінде, сотқа жүгінгенге дейін де, істі сотта қарау барысында да немесе оны қарағаннан кейін де дауды бейбіт жолмен реттеуге мүмкіндік береді. Татуластыру рәсімдері даудың жылдам шешілуін қамтамасыз етеді. Мысалы, сот шешімін орындаудан гөрі тараптар арасындағы уағдаластық жылдам орындалады. Татуластыру рәсімдері татуласу келісімі, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу, дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу тәсілдерінің аясында жүзеге асырылады.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 277-бабының 6-тармағымен көрсетілгендей, егер тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе іс бойынша іс жүргізу өндірісі қысқартылады. Осы кодекстің талабына сәйкес, тараптарға іс бойынша іс жүргізуді қысқартудың тәртібі мен салдары түсіндіріледі. Бұл ретте сот дау-жанжалды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің заң талабына сай ерікті түрде жасалғанын, басқа адамның құқықтары мен бостандығын, заңмен қорғалған мүдделерін бұзбайтынын, т.б. зерттейді. Осы жағдайда ғана келісім бекітіліп, іс бойынша іс жүргізу қысқартылады және мемлекеттік баж талап қоюшыға қайтарылады.

Татуластыру рәсімдері дауласқан тараптарды өзара мәмілеге келтіруді мақсат етеді. Осы себепті, бабаларымыз мойынсұнған бітімгершілік қазақ халқына жат емес. Алдағы уақытта да кеңінен қолданылып, талай даудың оңтайлы шешілуіне ықпал етері анық.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚАТЕЛІГІНЕН ЖЕР ДАУЛАРЫ КӨБЕЮДЕ



Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

ҮӘКІЛЕТТІ ОРГАНДАРДЫҢ АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ЖЕР УЧАСКЕСІН ТАБЫСТАУ, УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫМЕН ЖАЛҒА БЕРУ ЖӘНЕ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ТАБЫСТАУДАН БАС ТARTU ҚҰЗЫРЕТІ ӘКІМШІЛІК АКТІ ҚАБЫЛДАУ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. БҰЛ ӘКІМШІЛІК АКТІЛЕРГЕ ДАУ АЙТУ ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІМЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

Қызылорда облысының әкімшілік сотында қаралған істер бойынша жергілікті атқарушылық органдардың актілері мен әрекеттеріне дау айтудың көп бөлігі жер дауынан туындаған. Осы санаттағы істерді қарау барысында жер дауының туындауына мемлекеттік органның, лауазымды тұлғалардың қызметінде кеткен кемшіліктер мен заң бұзушылықтардың негіз болғаны байқалды. Құзыретті органдар жер учаскесіне байланысты шешім қабылдас бұрын ол жердің бос екенін, яғни басқа тұлғаға берілгенін не берілмегенін тексеруі тиіс. Бұл тұрғыда жер учаскесі жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық базасына бос болса да, егер ол жер учаскесінде бөгде тұлғалардың құрылысы болса да ол жер босатылмай табысталуға жатпайды.

Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағы бойынша жер учаскелерін алып қою, оның ішінде осы ко-

декстің 84-бабына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін алып қою жағдайын қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруден бас тарту облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімімен рәсімделеді және ол уәжді болуға тиіс.

Дегенмен, бұл актілерді қабылдағанда атқарушы орган өз актілерін уәждемей, жер комиссиясының шешіміне сілтеме жасаумен шектеліп қабылдаған фактілері сотта кездескен.

Әкімшілік-рәсімдік процестік кодекстің 129-бабы 3-бөлігіне сәйкес, жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Атқарушы органның жер учаскесіне құқық беру туралы өз шешімін онда көрсетілген талаптар орындалғанға

дейін, мәселен, тұлға жер учаскесіне мемлекеттік акті алғанға дейін өзгертуі, жоюы мүмкін екенін де назарға алу керек. Мемлекеттік тіркеуден өткен актілердің күшін жоюға атқарушы органның құқығы жоқ. Аталған құжаттарды алған сәттен бастап жер пайдаланушы жеке меншік, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану түріндегі жер пайдалану құқығына ие болады, сондықтан құқық туралы туындаған дау сот тәртібімен ғана шешілуі тиіс.

Жер кодексінің талабына сәйкес жер алу кезегінде тұрған азаматтарға жер учаскелері алдымен екі жыл немесе үш жыл мерзімге тұрғын үй салу үшін жалға беріліп, тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін жер учаскесін оған жеке меншікке табыстау туралы екінші шешім қабылдануы тиіс. Осы кодекстің 37-бабы 2-тармағы бойынша өз міндетін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының, егер заңда немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы кодекстің 43-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі үшін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингінің нәтижелері де болған кезде, осы кодекстің 43-бабында көзделген тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар. Осы баптың 2-2-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, уақытша өтеулі жер пайдаланушы (жалға алушы) осындай шарт жасасу ниеті туралы уәкілетті органды жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, онда жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Жалға алу шартының қолданылу мерзімі өткен соң өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша жалға алушының, егер заңдарда немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, жаңа мерзімге шарт жасасуға басқа тұлғалар алдында артықша құқығы болады.

Ал өз міндетін тиісінше орындаған жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланушының осы кодекстің 44-2-бабы 4-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, егер осы кодексте өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда осы кодекстің 44-2-бабында көзделген тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар.

Жер учаскесіне тұрғын үй құрылысын тұрғызу жер пайдаланушының қаржылық жағдайына байланысты болғандықтан, сотқа түскен даулардың басым көпшілігінде талап қоюшылар мерзім ішінде құрылысты толық салмаған немесе салып бастамаған, ал жер учаскесін жалға алу шартының мерзімі

аяқталғаны анықталды. Сотта жергілікті атқарушы орган олардың жер учаскесін жаңа мерзімге беріп, жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартқан. Көбінесе осындай актілер дауланады. Бас тартудың негізгі себебі тұрғын үйдің құрылысының болмауы және өтініш мерзімінің өтуі. Жалпы, жер пайдаланушылар тұрғын үй құрылысын салуға мүмкіндігі болмаса, мерзімді ұзарту туралы өтінішпен құзырлы мекемеге жүгінуі керек. Даулар осындай өз құқығын дұрыс қолданбау салдарынан да туындайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгені мәлім. Соған орай бүгінде өтініштер бұрынғыдай қолма-қол жазылған арызбен емес, электронды тәртіпте қабылданады. Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап отыз жұмыс күнін құрайды. Сондықтан, егер әр тұлға өзінің берген өтініші бойынша тиісті әкімшілік акт қабылданбай немесе ол бойынша жауап берілмеген жағдайда, осы отыз күн мерзім өткеннен кейін сотқа жүгінуге құқылы.

Жер кодексінің 44-1 және 44-2-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жерден, сондай-ақ осы кодекстің 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа шығарылатын жерден жер учаскесіне құқық беру тәртібі кодекстің 43-бабында бекітілген. Жер комиссиясы отырысының дыбыс-бейнежазбасы міндетті түрде жүргізілуі керек. Комиссия қорытындысы екі жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады. Оның бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қолма-қол, пошта, электрондық құжатпен табыс етілу керек. Қорытындымен келіспеген өтініш беруші хаттамалық шешімге оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сотқа шағым жасауға құқылы.

Жер кодексінде жер комиссиясы қорытындысын даулау мерзімі бекітілгендіктен, ӘРПК-нің актілерге дау келтіру мерзімі қолданылмайды, сотқа жүгіну мерзімі осы арнайы нормамен айқындалады. Бұл мерзімді өткізіп алып, әкімнің жер учаскесін табыстаудан бас тарту туралы қаулысы қабылданған жағдайда, өтініш берушінің осы қаулыны даулауға құқығы болады.

Жер комиссиясының оң қорытындысы қабылданған күннен бастап бір жылға жарамды. Осы мерзімді өткізіп алу жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады. Сондықтан, оң қорытынды берілгеннен кейін өтініш беруші белгілі мерзім ішінде жерге орналастыру жобасын әзірлетіп, бекітіп алуы қажет.

КТО ХОЗЯИН ТРОТУАРА?



Казбек АХМЕТОВ,
психолог, докторант
КазНУ им. аль-Фараби

ЕЩЕ НЕДАВНО ТРОТУАРЫ СЧИТАЛИСЬ ТИХОЙ ГАВАНЬЮ СРЕДИ ГОРОДСКОГО ШУМА, ГДЕ ЛЮДИ СПЕШИЛИ НА РАБОТУ, ПРОГУЛИВАЛИСЬ С ДЕТЬМИ, РАЗГОВАРИВАЛИ ПО ТЕЛЕФОНУ, НЕ ОГЛЯДЫВАЯСЬ КАЖДЫЕ ПЯТЬ СЕКУНД В ПОИСКАХ ПОТЕНЦИАЛЬНОЙ УГРОЗЫ. С ПОЯВЛЕНИЕМ ЭЛЕКТРОСАМОКАТОВ ПРИВЫЧНЫЙ УКЛАД ЖИЗНИ ИЗМЕНИЛСЯ, ВЕДЬ ОНИ ВОРВАЛИСЬ В ГОРОДСКУЮ СРЕДУ СРЕМИТЕЛЬНО И МОЛНИЕНОСНО, КАК СИМВОЛ УДОБСТВА И ПРОГРЕССА.

Однако вместе с удобством пришли и новые сложности. Там, где раньше можно было идти в своем темпе, теперь приходится уворачиваться от летящих на скорости двухколесных «истребителей камикадзе». Особенно уязвимыми оказываются дети, пожилые люди и мамы с колясками, так как для них даже короткая прогулка превращается в испытание внимательности и выдержки.

В итоге городские улицы превратились в своеобразное поле невидимого конфликта. Пешеходы чувствуют раздражение и тревогу, ну а самокатчики –

право на скорость и удобство. И хотя формально речь идет всего лишь о транспорте, по сути, мы имеем дело с куда более глубокой проблемой, столкновением двух стилей жизни и двух представлений о безопасности в городе.

Во многих городах электросамокаты все чаще становятся причиной инцидентов, угрожающих безопасности пешеходов. Например, в Барселоне в 2021 году около 40 процентов всех случаев столкновений с пешеходами были связаны именно с велосипедами и электровелосипедами/самокатами –

это почти каждый второй инцидент с участием пешехода.

Статистика подтверждает тревожный рост травматизма. Так, в США общее количество травм, связанных с электросамокатами, выросло почти на 80 процентов в 2024 году, достигнув почти 116 000 случаев. Отдельные глобальные отчеты показывают: примерно 40 процентов травм электросамокатчиков связаны с участием пешеходов, а в городах – до двух тысяч травм на сотню тысяч поездок. Кроме того, многие инциденты происходят в темное время суток, на пешеходных зонах и улицах с высокой плотностью людей.

Безопасность – понятие не только физическое, но и психологическое. Пешеходы все чаще испытывают тревогу и раздражение, ведь самокат появляется сзади почти бесшумно и пролетает мимо в считанных сантиметрах. Подобные ситуации нередко вызывают настоящий страх, даже прогулка по привычному маршруту превращается в непрерывную настороженность, постоянный анализ возможных угроз и готовность отпрянуть в сторону в любой момент.

Наблюдение за самокатчиками на тротуарах равносильно социологическому эксперименту в режиме реального времени. Часть из них едет спокойно, соблюдая дистанцию, пропуская пешеходов и стараясь не мешать. Но нередко встречается и совсем другие, это резкие маневры, скорость под 25–30 километров в час, игнорирование сигналов светофора и правил проезда. Некоторые из них носят наушники или листают телефон, возят тяжелые грузы или еще хуже, перевозят детей, превращая себя в реальную угрозу, а пешеходов в потенциальные мишени.

Такая манера вождения меняет саму атмосферу города, где тротуар перестает быть пространством доверия, где можно расслабиться и думать о своем. Вместо этого возникает ощущение постоянного риска, где каждый шаг может пересечься с чужой траекторией на скорости. В результате у пешеходов растет раздражение и агрессия, а у самокатчиков чувство вседозволенности и превосходства. Конфликт культур передвижения превращает улицы в психологически напряженную арену, где каждый защищает свое право на пространство.

Города по всему миру оказались перед фактом – электросамокаты уже стали частью повседневности, и закрыть на это глаза невозможно. Где-то они воспринимались как символ свободы, где-то как угроза, но почти везде пришлось вводить правила игры. Париж, Берлин, Вена и Рим, к примеру,

жестко запретили езду по тротуарам. Нарушителей там не просто осуждают, а наказывают штрафами, и операторы самих сервисов обязаны подключать геофенсинг, чтобы самокат просто глох в зонах с высокой плотностью пешеходов. В Амстердаме такой подход дал ощутимый результат – число столкновений снизилось почти на пятую часть.

Есть и радикальные меры. Италия потребовала от самокатчиков носить шлемы и иметь страховку. Причина проста, число смертей и травм росло каждый год, и игнорировать это уже стало невозможно. Закон, конечно, вызвал споры – операторы говорят, что использование самокатов упадет на треть, но статистика упрямая: в 2021 году – девять погибших, в 2023 – уже 21. Похожий сценарий обсуждают и в Нью-Йорке: там хотят ввести регистрацию и номерные знаки для самокатов, чтобы наездник перестал быть анонимным и понимал свою ответственность.

А вот Алматы пока идет тяжелым путем проб и ошибок. За один только сезон 2025 года – 177 аварий с участием самокатов. Полиция выписала более пяти тысяч протоколов, но нарушителей меньше не стало. На бумаге все очень красиво: обещают ограничить скорость до пяти км/ч в людных местах, ввести обязательные шлемы, даже запретить кататься вдвоем. На практике же самокаты продолжают летать по тротуарам, а пешеходы остаются заложниками этого псевдоэксперимента.

Вывод напрашивается сам собой – одни лишь штрафы и запреты проблему не решат. Работает только комплекс, когда вместе с жестким контролем появляется инфраструктура, культура вождения и чувство личной ответственности. Там, где этот баланс найден, тротуары постепенно возвращаются пешеходам. Там же, где его нет, продолжается тихая война за пространство.

Главный парадокс сегодняшней ситуации в том, что самокаты пришли в города навсегда, но правила жизни с ними до конца так и не выработаны. Решение, по сути, лежит в трех плоскостях: инфраструктура, контроль и культура.

Во-первых, инфраструктура. Пока самокатчики делят тротуар с пешеходами, конфликт неизбежен. Значит, выход очевиден – отдельные дорожки. Не абстрактные планы, а реальная сеть, по аналогии с велополосами, которые постепенно приучили автомобилистов уважать велосипедистов. В Астане и Алматы дорожки пока носят точечный характер, но именно их расширение способно снизить уровень напряжения. Пешеход должен чувствовать, что тротуар принадлежит ему, а самокатчик – что у него есть свое пространство.



Во-вторых, регулирование скорости и штрафы. Электросамокат, летящий по тротуару 25 км/ч, – это фактически мотоцикл без шума и защиты. Ограничение скорости в людных местах до пяти – десяти км/ч – мера не только логичная, но и жизненно необходимая. Однако любой запрет работает лишь тогда, когда за ним стоит контроль. Без системы камер, рейдов и реальных штрафов законы так и останутся красивой декларацией.

И наконец, культура поведения. Даже самая совершенная система правил бессильна, если люди продолжают игнорировать элементарную вежливость. Здесь важна роль общественности. Города могут запускать кампании от ярких плакатов до социальных роликов, напоминающих, что самокатчик – такой же участник движения, как водитель автомобиля. Но еще важнее, чтобы сами пользователи перестали воспринимать себя как «гостей без правил». Надев шлем, снижая скорость у перехода, выбирая дорожку вместо тротуара, человек показывает, что готов разделить ответственность за безопасность.

Выиграют в итоге все. Пешеходы вернут себе право спокойно ходить по улицам, самокатчики перестанут чувствовать себя изгоями, а город избавится от скрытой войны за тротуары. Ведь в

современном мегаполисе главное – не скорость, а способность мирно сосуществовать.

Проблема самокатов в городской среде не только транспортный вопрос, но и вопрос психологии. Тротуар всегда был и должен быть пространством безопасности, где человек может чувствовать себя защищенным от хаоса дорог. Появление скоростных средств передвижения на этом «островке спокойствия» ломает привычные когнитивные схемы. Пешеход сталкивается с постоянной неопределенностью: не знаешь, откуда и с какой скоростью вылетит самокат. А неопределенность, как мы понимаем, есть главный фактор тревожности.

Психология учит: любые устойчивые изменения поведения возможны только тогда, когда человек чувствует баланс между личной свободой и безопасностью. Самокатчики хотят свободы движения, пешеходы – уверенности в своей защищенности. Найти баланс между этими двумя потребностями – ключ к гармоничному сосуществованию. И это задача не только инфраструктуры и законов, но и формирования новой культуры городской эмпатии, когда каждый участник движения понимает, что его свобода заканчивается там, где начинается чужая безопасность.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ АРТУДА



Аян БИБАТЫРОВ,
*Наурызбай аудандық
сотының судьясы
Алматы*

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖЕТІСТІКТЕРІ ЕНГІЗІЛГЕН САЛАЛАР ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНУДА. МӘСЕЛЕН, ЦИФРЛАНДЫРУ БАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАҒЫ ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ ЖОЙЫП, ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫН ТЕЗДЕТТІ, СОНДАЙ-АҚ, ЖЫЛДАМ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА ЖОЛ АШТЫ. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢА ЛЕП, ТЫҢ СЕРПІН БЕРДІ. ЖҮЙЕ ЖҰМЫСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚЫРУАР ШАРАЛАР АТҚАРЫЛДЫ. ҚАЗІРГІ КҮНІ ЕЛ СОТТАРЫНДА «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ, «СОТ КАБИНЕТІ», «ЭЛЕКТРОНДЫ ШАҚЫРУ ҚАҒАЗЫ», «СОТ ҚҰЖАТТАРЫМЕН ТАНЫСУ», «SMS-ХАБАРЛАМА», «QR-CODE», СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ, ДЫБЫС-БЕЙНЕ ЖАЗАТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАР, БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦ БАЙЛАНЫС АРҚЫЛЫ СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, Т.Б. ҚЫЗМЕТТЕР ҚАРҚЫНДЫ ПАЙДАЛАНЫЛУДА.

Солардың ең бастысы сотқа жүгінушілер арыз-шағымдарын бұрынғыдай сот ғимаратына келіп, кезекке тұрып өткізбейді. Үйінде немесе жұмыс орнында, т.б. жерде отырып-ақ, «Сот кабинеті» сервисі арқылы сотқа арыз бере алады. Бұдан бөлек қажетті құжаттарды жинапта әуре болмайды, оларды ешкімнің көмегінсіз басып шығару мүмкіндігі бар. Азаматтар үйінен шықпай-ақ өз арыз-шағымдарының қозғалысын қашықтықтан бақылай алады. «Сот кабинеті» арқылы көрсетілетін қызметтер ауқымы жыл өткен сайын кеңеюде. Сот отырысы залдарының бейнежазу құрылғылармен дер кезінде жабдықталып, процеске қашықтықтан қатысу тетіктері де дер кезінде енгізілді. Нәтижесінде ел азаматтары жеке шаруаларымен, іссапармен шетте жүрсе де сот отырыстарына кедергісіз қатысуда.

Бүгінде азаматтарды сотқа шақыртуда электронды-цифрландыру жүйесінің қызметі кеңінен пайдаланылады. Мысалы, тараптардың ұялы телефондарына СМС хабарламалар гибриді-электронды пошта арқылы жеткізіледі. Сотқа шақырылған әрбір азаматтың келуі міндет, келе алмай қалған жағдайда сотқа ескертуі керек. Себебі, олардың сотқа себепсіз келмеуі басқа адамдардың уақытын алып, сот жұмысына кедергі келтіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 133-3-бабының 4-бөлігі сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану қағидалары мен оларға қойылатын талаптарды, сот отырысында техникалық байланыс құралдарын қолдану тәртібін айқындайды. Соған орай, сот отырыстары техникалық байланыс құралдарымен жасақталған залдарда бейнеконференциялық байланыс арқылы өткізілуде.

Бұл үшін процесс басталғанға дейін сот отырысының хатшысы бейнеконференцбайланыстың, сондай-ақ, техникалық құралдардың жұмысқа жарамдылығын тексереді. Мысалы, бейне анық көрініп, дыбыс анық шығуы керек. Қандай да бір техникалық ақау анықталған жағдайда хатшы техникалық маманды шақырып, сот процесінің сапалы өтуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, сот отырысына қатысушылардың жеке басы анықталып, олардың өкілеттіктері тексеріледі. Осы тұрғыда бейнебайланысты қамтамасыз ететін сот отырысының хатшысы

немесе мекеменің лауазымды адамы сотқа бейнебайланыс арқылы процесс қатысушылары туралы баяндайды.

Процеске қатысушының орналасқан жері жарық әрі тыныш болуы керек және ол анық сөйлеуі тиіс. Сот процестерін қашықтықтан өткізу, әсіресе, пандемия кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауда тиімділігін көрсетті. Техникалық байланыс құралдары қолданылып өтетін сот процестері туралы ақпаратты, мысалы, соттың атауы, сот отырысы залының нөмірі, сот отырысы белгіленген күн мен оның уақыты, техникалық байланыс құралдары туралы мәліметтер Қазақстанның сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінде орналастырылады.

Істерді басқарудың автоматтандырылған жүйелері істердің қозғалысын бақылауға, оларды судьяларға таратуға және көптеген күнделікті процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Электрондық процестерді енгізу соттармен өзара әрекеттесудің дәстүрлі тәсілін айтарлықтай өзгертті. Ақпараттық технологиялар тек сот саласында емес, жалпы, мемлекеттік қызметте бюрократиялық кедергілердің жойылуына, қызметкерлер мен азаматтар уақыттарының үнемделуіне ықпал етті.

Сот жүйесіндегі ашықтық пен қолжетімділікті арттыруда электрондық қызметтердің, мысалы, құжаттарды онлайн тапсыру, істерді онлайн бақылау және сот процестерін қашықтықтан өткізудің маңызы зор. Ел Президенті айтқандай, «Ақпараттық технологияның арқасында сот процесі қашықтықтан жүргізу форматына жедел көшірілді. Бұл ұтымды әрі оңтайлы шара болды». Сонымен қатар, Мемлекет басшысы «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, сондай-ақ, азаматтар құқықтарын заманауи технологияларды қолдана отырып қорғау басы артық жұмыстардан арылтып, адам факторы мен ретсіз шағындарды азайтады» деді, тәжірибе көрсетуде. Соңғы жетістіктердің бірі «QR-code» жүйесі. Бұл жүйе азаматтарға керек ақпараттарды тез әрі оңай тауып, соттардың мекенжайы, сенім телефондары, мемлекеттік баждың, процестік шығындардың деректемелері, т.б. туралы пайдалы ақпараттарды алуға жағдай жасады.

Цифрландыру бағытындағы бастамалар жасанды интеллект жетіктістеріне жол ашуда.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ ШАРАЛАРЫ



Алимжан ТУРЕЖАНОВ,
*Жеке сот орындаушы
Ақтөбе облысы*

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 31-БАБЫМЕН АЙҚЫНДАЛҒАНДАЙ, СОТ ОРЫНДАУШЫНЫҢ ІС ЖҮРГІЗУІНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТ ОНЫҢ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУЫНА НЕГІЗ БОЛАДЫ. БҰЛ ҮШІН СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ. АТАП АЙТСАҚ, БОРЫШКЕРДІҢ ӨЗІНДЕГІ НЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЕКЕ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДАҒЫ АҚШАСЫ МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНА, МҮЛКІНЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. БҰҒАН ҚОСА БОРЫШКЕРДІҢ БЕЛГІЛІ БІР ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУЫНА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНЫП, ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛКІ, МҮЛІКТІК, МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТАРЫ, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ МЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, МҮЛІКТЕГІ ҮЛЕСТЕРІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУ ЖӨНІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ УАҚЫТША ТОҚТАТЫЛАДЫ.

Кажет болған жағдайда осы заңмен белгіленген орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрі қолданылады. Олардың бір түрін басқасымен ауыстыру туралы мәселені атқарушылық іс жүргізу тараптарының арызымен немесе өз бастамасымен сот орындаушысы қарайды. Айтып өтерлігі, атқарушылық іс жүргізуді уақытша тоқтату, кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту оларды орындау үшін бұрын белгіленген шаралардың күшін жоймайды. 32-баптың 2-тармағының 1-1), 2-1) және 6) тармақшалары бойынша атқарушылық құжаттарды орындауда ҚР Азаматтық процестік кодексінде белгіленген тәртіппен алынатын санкция қолданылады. Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шараларды санкциялауды прокурор жүзеге асырады.

Мерзімді төлемдерді өндіріп алу үш айдан кешіктірілмей орындалуы тиіс. Егер республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық еселенген айлық есептік көрсеткішке тең не одан асатын сомаға атқарушылық құжаттың талаптары орындалмаса сот орындаушысы борышкердің ел аумағынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығарады. Уақытша шектеу борышкерге тиісті түрде хабарланған соң бес жұмыс күні өткеннен кейін қойылады. Сот орындаушысының борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулысы азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен соттың санкциялауына жатады.

Қазақстан Республикасынан шығуды уақытша шектеу туралы қаулы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметіне орындау үшін жіберіледі. Егер борышкер денсаулығына байланысты шет елдерде ем алатын болса, оның Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу тоқтатыла тұрады. Мұндай жағдайда сот орындаушысының Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеуді тоқтата тұру туралы қаулысын сот Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен санкциялайды. Мұндай қаулыда уақытша тоқтату мерзімі көрсетіледі.

Борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу мына жағдайларда алы-

нады. Осы заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған, мерзімдік өндіріп алулар туралы атқарушылық іс жүргізулерде берешек болмаған, атқарушылық құжат соттың немесе құжатты берген басқа органның талап етуімен орындалмай қайтарылған, сонымен қатар, мемлекет пайдасына өндіріп алулармен өндіріп алушы өтініш берген, басшы заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, борышкер болып табылатын заңды тұлғаның басшысы ауысқан, сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулысының күші жойылған жағдайларда бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Соттың шешімдері мен үкімдері, қаулылары міндетті түрде орындалуы керек. Бұл ретте сот орындаушылары заңмен берілген мүмкіндіктің барлығын қолданады. Жоғарыда айтқандармен қатар, осы заңның 35-1-бабында заңға мойынсұнбаған борышкерді күштеп әкелу шарасы белгіленген. Яғни, 67-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген, сондай-ақ, атқарушылық құжатты орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайларда шақырылған борышкер дәлелді себептерсіз келмесе сот санкциялаған сот орындаушысының уәжді қаулысының негізінде күштеп әкелінеді.

Күштеп әкелу ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен үш сағатқа, жұмыс күндері тоғыздан алтыға дейін ғана атқарушылық әрекеттер жасау орнына мәжбүрлеп апару арқылы жүзеге асырылады. Борышкердің дәлелді себептеріне ауруы, жақын туыстарының қайтыс болуы, дүлей зілзала, т.б. тағайындалған мерзімге келуіне мүмкіндік бермейтін себептер жатады. Мұндай себептері бар борышкер бұл туралы сот орындаушысына хабарлауға міндетті.

Сот орындаушысы күштеп әкелу туралы қаулыны борышкерге оны орындаудың алдында хабарлайды, бұл оның қаулыға қол қоюымен куәландырылады. Борышкер қол қоюдан бас тартса, бұл жөнінде қаулыға белгі қойылады. Ескерерлігі, кәмелеттік жасқа толмағандар мен жүкті әйелдер, сондай-ақ, дәрігердің куәландыруына байланысты денсаулық жағдайы бойынша өзінің жатқан орнынан кете алмайтын немесе кетпеуге тиіс науқастар күштеп әкелінбейді.

УДОСТОВЕРЕНИЕ ФАКТА НАХОЖДЕНИЯ ГРАЖДАНИНА В ЖИВЫХ



Салтанат МАМАНОВА,
магистр права

**УДОСТОВЕРЕНИЕ ФАКТА НАХОЖДЕНИЯ ГРАЖДАНИНА
В ЖИВЫХ – ОДНО ИЗ САМЫХ РАСПРОСТРАНЕННЫХ
НОТАРИАЛЬНЫХ ДЕЙСТВИЙ. ФАКТ, УДОСТОВЕРЕННЫЙ
НОТАРИУСОМ, НЕ ТРЕБУЕТ ВПОСЛЕДСТВИИ
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ДОКАЗЫВАНИЯ, НАПРИМЕР, В СУДЕ ИЛИ
В ИНЫХ СПОРНЫХ СИТУАЦИЯХ.**

Согласно п. 1 ст. 81 Закона РК «О нотариате», нотариус удостоверяет факт нахождения гражданина в живых.

За удостоверением факта нахождения гражданина в живых люди обращаются при алиментных спорах; в спорах, где есть возмещение материального ущерба; при некоторых обстоятельствах, возникающих при выплате пособий, пенсий; при невыполнении условий гражданско-правовых договоров; при спорах, разногласиях с работодателем (вопросы компенсационных выплат после полученного ущерба).

Случается, что человека ошибочно посчитали умершим. Тогда тоже потребуются нотариально удостоверить факт нахождения гражданина в живых. Потребность в этом может возникнуть по причине длительного отсутствия лица, в результате его прерванного общения с близкими. Если происходит разбирательство в суде, или суд по запросу истцов признал гражданина умершим,

для признания его живым необходимо оформить заявление у нотариуса.

Если должник обратился к судебному исполнителю, указав, что его кредитор является умершим, он избавил себя от неизбежных отчислений. В этом варианте кредитор вправе обратиться к нотариусу за получением свидетельства о том, что он жив и лично явился к нотариусу.

В зависимости от того, какие обстоятельства требуется удостоверить, заявитель должен подготовить соответствующие документы и явиться к нотариусу либо пригласить его для совершения нотариального действия в другое место (место удостоверения факта будет отображено в документе). Вне помещения нотариальной конторы данный факт удостоверяется, если гражданин, факт нахождения в живых которого необходимо засвидетельствовать, по болезни, инвалидности или другой уважительной причине не может явиться в помещение нотариальной конторы.

Указанное нотариальное действие совершается в настоящее время как нотариусами, так и уполномоченными консульскими должностными лицами от имени РК (ст. 34, 36 Закона).

Для удостоверения факта нахождения гражданина в живых нотариусу заинтересованным лицом подается соответствующее заявление.

На основании поданного заявления нотариус устанавливает личность гражданина по удостоверяющему ее документу, обычно по удостоверению личности. В подтверждение факта нахождения в живых нотариус выдает заинтересованному в этом лицу соответствующее свидетельство.

В свидетельстве, кроме самого факта нахождения в живых, нотариус отражает, где этот факт был засвидетельствован. Если данное нотариальное действие совершалось вне помещения нотариальной конторы, об этом также указывается в свидетельстве, которое оформляется в двух экземплярах, один выдается заинтересованному лицу, а второй хранится в делах нотариуса.

Удостоверение факта нахождения в живых заключается в том, что нотариус ставит свою печать и подпись, указывает время и дату.

При обращении иностранных граждан, нотариус через переводчика обеспечивает перевод документов.

Удостоверение факта нахождения в живых несовершеннолетнего гражданина проводят по просьбе его законных представителей – родителей, опекунов или попечителей, у которых он находится на попечении. Перечень документов при этом предоставляется тот же, с добавлением документов из органов опеки.

В свидетельстве об удостоверении факта нахождения в живых несовершеннолетнего гражданина, указываются те же сведения, что и в стандартном свидетельстве такого типа, а также дата рождения несовершеннолетнего и информация о сопровождающем его лице: ФИО и кем это лицо приходится несовершеннолетнему (родителем, опекуном или попечителем).

Многие не совсем до конца понимают данное нотариальное действие, а именно ее необходимость. Удостоверение факта нахождения гражданина в живых является доказательством его юридической дееспособности. Оно подтверждает, что гражданин является самостоятельным субъектом права и может в полной мере осуществлять свои права и обязанности.

Указанное нотариальное действие служит дополнительной защитой прав граждан при реализации различных юридических действий. К примеру, при наследовании или при получении государственных пособий и выплат, удостоверение факта нахождения гражданина в живых может быть основой для подтверждения его права на эти льготы.

Кроме того, наличие удостоверения факта нахождения гражданина в живых упрощает процедуру получения различных документов. Таким примером является оформление паспорта или прописки, свидетельство об удостоверении факта нахождения гражданина в живых может служить основанием для подтверждения личности гражданина.

Получение удостоверения факта нахождения гражданина в живых может быть необходимо для решения различных юридических вопросов. Это особенно актуально при наследственных делах, разделе имущества.

В случае смерти гражданина без оформленного удостоверения о его нахождении в живых возникают проблемы с принятием действий и принятием решений. Банки, органы государственной власти, суды и другие учреждения могут не принимать во внимание заявления или обращения, требуя подтверждения факта нахождения гражданина в живых.

Также удостоверение факта нахождения гражданина в живых может служить важным доказательством в случае возникновения споров о праве собственности на имущество. Оно подтверждает факт жизни гражданина и может быть использовано в суде для защиты прав собственника на имущество.

Удостоверение факта нахождения гражданина в живых является документом, который подтверждает, что указанный гражданин находится в живых на момент выдачи документа.

Получение такого документа позволяет обеспечить юридическую защиту и предоставить надлежащие доказательства своей жизни, что имеет большое значение при разрешении каких-либо правовых вопросов.

Необходимо подчеркнуть, что удостоверение факта нахождения гражданина в живых выдается только по заявлению самого гражданина или его законного представителя.

Удостоверение факта нахождения гражданина в живых может быть необходимым при участии в судебных процессах. В случае нахождения гражданина в тяжелой ситуации, когда его личность или факт пребывания в живых подвергаются сомнению, это удостоверение может служить также доказательством.

При подозрении в причастности к преступлению или при обвинении в совершении правонарушения, удостоверение факта нахождения гражданина в живых может помочь гражданину в защите его интересов и доказательстве его невиновности.

Таким образом, удостоверение факта нахождения гражданина в живых является важным элементом для защиты прав и интересов граждан. Данное свидетельство обеспечивает юридическую законность и гарантирует возможность полноценного участия гражданина в жизни общества.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ЗАҢЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ДАМУДЫ КӨЗДЕЙДІ



Алтай ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық
әкімшілік сотының
судьясы

**«МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ПРЕЗИДЕНТТІҢ
2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ.
БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚАБЫЛДАНДЫ.**

Жалпы, заң сатып алу процесс рәсімдерін оңтайландыруды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстарымен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуді және бәсекелестікті дамытуды көздейді.

Жаңа заңның новелласының бірінші блогы сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге және қысқартуға бағытталған.

Біріншіден, шағымдарды қарау тәртібі жаңартылды. Қаржы министрлігінің бақылаушы орган

ретіндегі рөлі қайта қаралды. Сатып алуды жедел жүргізу, тапсырыс берушілерге зор өкілеттіктер беру, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінің кешіктірілуін болдырмау мақсатында бұдан былай шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушының өзі тікелей қарайды. Сатып алу қорытындыларына шағымдану веб-портал арқылы және жеңімпазы тек конкурстық комиссия айқындаған сатып алулар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Екіншіден, сатып алу рәсімдерін өткізу мерзімдерін қысқарту мақсатында заңда тікелей белгілен-

ген мерзімдер Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының деңгейіне ауыстырылды.

Үшіншіден, Рәсімдерді оңайлату және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп тану негіздері қайта қаралды. Бұрын сатып алулар тек 1 әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда өтпеді деп танылатын. Енді мұндай өнім берушіні тиісті біліктілік талаптарына сай деп таныған жағдайда онымен шарт жасасуға рұқсат беріледі.

Төртінші. Тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жедел сатып алуына оңтайлы жағдай жасау және оларға барынша дербестік беру мақсатында құны 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 100 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу құқығы қарастырылған. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі бекітілді (әзірге тек төтенше жағдайрын жою үшін).

Бесінші. Ғылыми ұйымдардың сатып алу тәртібі жеңілдетілді.

Мәселен, ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының сатып алу рәсімдері енді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін қағидалар бойынша жүзеге асырылады. Заң новелласының екінші блогы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

Бірінші. Сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру және өнім берушіні таңдаудың бағалық емес өлшем шарттарын дамыту үшін әлеуетті өнім берушілердің тізілімі енгізілді. Бұл абыройына нұқсан келмеген өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыруға және сатыпалудың барлық түрі бойынша баға мен сапа өлшем шарттарын біріктіре отырып, өнім берушілерді дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте өнім беруші туралы ақпарат мемлекеттік органдар жүйелерінің мәліметтері негізінде түзіледі (жұмыс тәжірибесі, қаржылық орнықтылығы, салық берешегінің болмауы, ашық қол жетімділікте қаржылық есебінің жариялануы және т.б.).

Екінші. Заңда толық дайын түрінде берілетін құрылыс туралы шарт жасасу мүмкіндігі, яғни,

жобалаудан бастап объектіні пайдалануға беруге дейінгі жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңі, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарға ілеспе тауарлар жеткізу және қызметтер көрсету үшін жауапкершілікті бір өнім берушіге жүктеу мүмкіндігі белгіленген.

Үшінші. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ескере отырып, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға негізделген «тұрақты мемлекеттік сатып алулар» түсінігі енгізілді.

Үшінші блог.

Заң новелласының үшінші блогы өнім берушілердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Бірінші. Мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық бақылау жүргізу мүмкіндігі енгізілді.

Екінші. Бұрын сыбайлас жемқорлық пен байланысты құқық бұзушылық жасаған әлеуетті өнім берушінің, басшының немесе құрылтайшының мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынды. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де мемлекеттік сатып алуларға жіберілмейді.

Үшінші. Өнім беруші жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі 50-ден 30 пайызға дейін қысқартылды.

Заң новелласының төртінші блогы – бәсекелестікті дамытуға бағытталған.

Бірінші. Барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына – мемлекеттік сатып алудың веб-порталына көшіру мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда бекітілді. Бастапқы кезеңде қазіргі сатып алу алаңдары сақталады және сатып алу бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты жинау және көрсету үшін интеграция жүргізіледі.

Екінші. Тауар биржалары арқылы сатып алу тәсілі алынып тасталды.

Үшінші. Үкімет айқындаған нақты өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу жалпы халықтық мәні бар аса маңызды объектілер мен жобаларды іске асыру үшін қажетті ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Төртінші. Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қаржы министрлігі тек қана шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бекітеді. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

ЖАЛҒАН НӨМІРМЕН ЖҮРГЕНДЕРГЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

ЖОЛ КӨЛІК АПАТТАРЫНЫҢ САЛДАРЫНАН МЕЗГІЛСІЗ КӨЗ ЖҰМЫП ЖАТҚАҢДАР КӨП. СОНЫМЕН ҚАТАР, ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАҢДАРДЫҢ КЕСІРІНЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНАН АЙЫРЫЛЫП, ЖАРЫМЖАН БОЛЫП ҚАЛҒАҢДАР САНЫ ДА АЗ ЕМЕС. ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ҚАТЕЛІГІ МЕН САЛҒЫРТТЫҒЫНАН ТАЛАЙ ОТБАСЫ ҚАРА ЖАМЫЛЫП, КӨПТЕГЕН ЖАҢДАРДЫҢ БИІК АРМАҢДАРЫМЕН ҚОШТАСҚАНЫНА СӘТ САЙЫН КУӘ БОЛЫП ЖҮРМІЗ. ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕ МҰНДАЙ ӨКІНІШТІ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ЖИІ ОРЫН АЛУЫ ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ ЕМЕС. СЕБЕБІ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – АДАМ. АЛ СОЛ АДАМДАРДЫҢ ЖОЛДАҒЫ АПАТТАРДАН ЗАРДАП ШЕГУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫНЫҢ БІРІ.

Осы мақсатта жол көлік ережелерін бұзушыларға жаза қатайтылып, айыппұлдар мөлшері өсуде. Жүргізушілерді дайындау, жүргізу куәлігін алудың талаптары жыл өткен сайын күшейтіліп жатыр. Алайда, қатаң жаза да азаматтарға ой сала бермейтінін уақыт көрсетуде.

Елімізде жол ережесін сақтаудың ортақ мәдениетін қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Құқықтық сауатты арттыру үшін түсіндіру жұмыстары қолға алынып, көпшілік орындарда «Жүргізуші, жол ережесін сақта!» «Жүргізуші, сені жақындарың күтіп отыр» деген сияқты ой салатын билбордтар орнатылған. Сонымен бірге бүгінде барлық жолдар мен қоғамдық орындарға бейнебақылау камералары қойылғаны белгілі. Алайда, жылдамдықты күшейтіп, жол ере-

жесін өрескел бұзуға дағдыланған жүргізушілердің көлігіндегі мемлекеттік нөмірді алып тастау, түрлі амалдармен нөмірді анықтауға жол бермеу фактілері жиі кездеседі. Мұндай құқық бұзушылық үшін жауаптылық қатаң.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 590-бабы 4-бөлігінде көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері (белгісі) бар көлік құралын басқару, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін сәйкестендіруге кедергі келтіретін не олардың түрін өзгертетін немесе жасыратын құрылғылар мен материалдар қолданыла отырып жабдықталған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі бар көлік құралын басқарушыларға қатысты жаза дәйектелген. Мұндай құқықбұзушылыққа жол бергендер бес тәулік-



ке дейін әкімшілік қамаққа алынып, бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айырылады. Бұрын мұндай теріс әрекет үшін 20 АЕК көлемінде айыппұл салынып немесе жүргізуші бір жылға көлік басқару құқығынан айырылатын. Енді жүргізуші құқығынан айыру міндетті шара болып табылады.

Сонымен қатар, 590-бапта қамауға алынбаған адамдарды, мысалы, мүгедектігі бар адамдарды құқық бұзушылығы үшін жазалайтын 4-1-тармақ пайда болады. Мұндай азаматтарға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып және бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасы беріледі.

Полиция қызметкерлері күн сайын көрінеу жалған немесе жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін пайдаланатын жүргізушілерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Бұл қажетті шара. Өйткені, жол ережесін бұзбайтын, көлікті талапқа сай жүргізетін азаматтарға жалған нөмір жапсырып, немесе нөмірді алып тастаудың қажеті жоқ. Заңды сыйлайтын адам теріс әрекеттерге бармайды.

Руслан ЖАМАЛБЕКОВ,

*Алматы қаласы әкімшілік құқық
бұзушылық жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы*

БРАК БЕЗ ПОХИЩЕНИЯ И ПРИНУЖДЕНИЯ



**Ажар
БАЙМУХАМБЕТОВА,**
*судья Павлодарского
областного суда*

В НАШЕМ ОБЩЕСТВЕ ЧАСТО ОБСУЖДАЛИСЬ ВОПРОСЫ ПОХИЩЕНИЯ И ПРИНУЖДЕНИЯ К БРАКУ НЕВЕСТ, ПРИ ЭТОМ ПРОБЛЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО БРАКА БЕЗ СОГЛАСИЯ ОДНОГО ИЗ ПАРТНЕРОВ С ПРИМЕНЕНИЕМ ФИЗИЧЕСКОГО ИЛИ ПСИХИЧЕСКОГО НАСИЛИЯ ОСОБО СТАЛА АКТУАЛЬНА СЕГОДНЯ.

Принуждение к вступлению в брак усиливает неравенство женщин в обществе, что ограничивает свободу самоопределения и ставит их в уязвимое положение перед лицом насилия, влечет за собой в большинстве случаев, дальнейшие нарушения прав человека.

Как правило, пострадавшие женщины ощущают вынужденную супружескую жизнь как серию изнасилований, как нарушение их прав на охрану здоровья, на физическую и психическую неприкосновенность.

Ранее ст. 106 о принуждении к вступлению в брак существовала в Уголовном кодексе Казахстана с 1959 до 1997 года, и предусматривала наказание в виде лишения свободы на срок до одного года или исправительными работами на тот же срок за принуждение женщины к вступлению в брак или к продолжению брачного сожительства, а равно воспрепятствование вступлению женщины в брак по своему выбору; за похищение женщины вопреки ее воле или принуждение не достигшей брачного возраста к вступлению в фактические брачные от-

ношения наказывалось лишением свободы на срок до трех лет.

Законом от 16 июля 2025 года № 210-VIII ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оптимизации уголовного законодательства Республики Казахстан» в Уголовный Кодекс вновь введена ст. 125-1 «Принуждение к вступлению в брак».

Принятые меры направлены на защиту прав граждан, формирование в обществе нулевой терпимости к нарушениям личной свободы и укрепления принципа верховенства закона.

Ст. 9 Кодекса РК «О браке (супружестве) и семье» предусматривает, что для заключения брака (супружества) необходимы свободное и полное согласие мужчины и женщины, вступающих в брак (супружество), и достижение ими брачного (супружеского) возраста.

Если один из супругов был принужден к браку, то это является нарушением его свободы и волеизъявления, что может послужить основанием для признания брака недействительным.

С введением данной статьи в Уголовный кодекс принуждение к вступлению в брак рассматривается как уголовное правонарушение против личности, и лицо будет нести ответственность и наказание в соответствии с квалификацией ст. 125-1.

Президент Казахстана в одном из своих выступлений назвал похищение невест «вопиющим мракобесием». Такая практика, по его словам, «идет вразрез с идеалами прогрессивного общества, в котором достоинство, права и свободы каждого человека являются абсолютной ценностью».

Обычай «Қыз алып қашу» (похищение девушек) действительно существовал в истории Казахстана, но имел другой контекст, был способом обхода молодыми сопротивления на их брак родителей, либо был символическим актом, данью традициям и обычаям давно минувших дней.

Люди, оказавшиеся в подобных ситуациях, нередко сталкиваются с изоляцией, домашним насилием и серьезными психологическими последствиями.

Введение данной статьи в Уголовный кодекс РК направлено на устранение этой безнаказанной практики и обеспечение реального механизма привлечения к ответственности.

В настоящее время уголовная ответственность наступает за любые формы давления, психологического воздействия, применение физической силы, угрозы, насилие, шантаж, вынуждающие человека вступить в брачные отношения.

Согласно новым правовым нормам, принуждение к вступлению в брак наказывается штрафом в размере до двух тысяч МРП либо исправительными работами в том же размере, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Деяние, совершенное с применением насилия в отношении лица, заведомо несовершеннолетнего, с использованием материальной или иной зависимости потерпевшего, группой лиц, группой лиц по предварительному сговору, с использованием своего служебного положения, – наказывается штрафом в размере до пяти тысяч МРП либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 1 200 часов, либо ограничением свободы на срок от трех до семи лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Деяния, указанные выше, если они повлекли по неосторожности тяжкие последствия, наказываются лишением свободы на срок от пяти до десяти лет.

Принятые меры в законодательстве направлены на усиление защиты прав женщин, обеспечение неотвратимости наказания и формирование в обществе нетерпимости к нарушениям в сфере личной свободы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ДИАЛОГ ӨТТІ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ЖҮРГЕН ЕУРОПА КЕҢЕСІ ВЕНЕЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ КЛЭР БАЗИ-МАЛОРИ ХАНЫМ 10 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛЫП, «ҚҰҚЫҚТЫҚ ДИАЛОГ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ. МӘРТЕБЕЛІ МЕЙМАН АЛҚАЛЫ ОТЫРЫСТА ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛЫП, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН БАСТАМАЛАРЫНА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ.



ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов «Құқықтық диалогтың» модераторы ретінде басқосуды Клэр Бази-Малориге «Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл» мерейтойлық медалін тапсырудан бастап, құрметті қонаққа деген еліміздің ыстық ықыласын жеткізді. Ал салтанатты жиынды құттықтау сөзімен ашқан Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп мұндай диалогтың аса маңызды екеніне тоқталып, адам құқықтары жөніндегі іс-шараға сәттілік тіледі.

Халықаралық шараны ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Сорбонна-Қазақстан институты және Лотарингия университетінің филиалы мен Францияның Қазақстандағы Елшілігі ұйымдастырды. Диалог жұмысына ҚР Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты, Бас прокуратурасы, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Парламенттің заңнама және құқықтық реформа комитеттері, ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, ҚР СІМ Алматыдағы өкілдігі, сондай-ақ БҰҰ өкілдері, Францияның жетекші заңгерлері және еліміздің ғылыми қауымдастығы қатысты.

ҚР Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев «Zoom» платформасы арқылы сөз сөйлеп, Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудағы халықаралық ынтымақтастықтың рөліне тоқталса, Францияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі

Сильван Гиог, Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының директоры, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Айнұр Сәбитова баяндама жасады.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясының төрайымы Клэр Бази-Малори өз баяндамасында конституциялық бақылаудың заманауи тәжірибесін талдап, адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық стандарттардың маңызына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, Конституцияның 30 жылдығы тек ел үшін ғана емес, бүкіл аймақ үшін демократиялық құндылықтар мен құқықтық мемлекет қағидаттарын жаңаша түсінуге мүмкіндік беретін маңызды белес.

Елші Сильван Гиог Қазақстан мен Франция арасындағы білім, мәдениет және құқық саласындағы ынтымақтастықты жоғары бағалап, мұндай халықаралық құқықтық диалогтың заң үстемдігін нығайтып қана қоймай, жастарға әлемдік тәжірибеден үйренуге жол ашатынын және екі елдің заң саласындағы серіктестігін одан әрі тереңдетуге ықпал ететінін атап өтті.

Университет студенттері сарапшыларға сұрақтарын қойды. «Құқықтық диалог» алаңы Қазақстандағы құқықтық мәдениетті нығайтып, заңнамалық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған маңызды бастама ретінде өз маңызын айқындады.

Абай атындағы ҚазҰПУ баспасөз қызметі

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ІСІН ҚАРАЙТЫН СОТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚАЗАҚСТАНДА АНА МЕН БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫНА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ. БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЙЛЫ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕНІП, АТА-АНАНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ МЕН МЕЙІРІМІН СЕЗІНІП ӨСУІ, ТЕГІН БІЛІМ АЛЫП, ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ БАСТЫ НАЗАРДА. БҰЛ МӘСЕЛЕЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТА ҮНЕМІ БАҚЫЛАУЫНДА ҰСТАП, БАЛАЛАРҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСАЛУЫНА МАҢЫЗ БЕРІП ОТЫР.

2025 жылы тамыз конференциясында ұстаздар алдында сөйлеген Президент: «Әрбір жас – отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ. «Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек. Қоғамда масылдыққа жол бермеу қажет. Себебі, бұл жол тек тығырыққа тірейді», – деп (1) бала тәрбиесіндегі негізгі ұштағанның міндеттерін айқындап, басты басымдықтарды көрсетіп берді.

Данышпан әл-Фараби айтпақшы «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан бүгінгі жастарға біліммен қоса, тәрбиені терең сіңіру, ұлттық дәстүр мен құндылықтарды үйрету өзекті болып отыр. Тәрбиесі ақсаған балалардың түзу жолдан таюы оңай. Өйткені, бүгінгі жастардың теледидардағы, ғаламтордағы ақпараттарды көріп, өзін-өзі тәрбиелеп жатқаны өтірік емес. Ненің жақсы, ненің жаман екенін білмейтін балалардың кез келген ақпаратты сүзгіден өткізбей қабылдайтыны белгілі. Ал оның соңы күмәнді топтарға қосылып, теріс жолға түсуіне ықпал етуі әбден мүмкін. Өкінішке қарай, бұрыс қадам жасаған баланың тағдырының бүлініп, өмірінің өзгеруі оңай.

ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (ҚАЖК) деректері бойынша 2025 жылғы сәуірде Қазақстанда жалпы сотталушылар саны 40 021 бол-

са, оның ішінде сотты болған кәмелетке толмағандар саны 70-ке жеткен (2). Бас бостандығынан айырылған жасөспірімдер кісі өлтіру, терроризм немесе зорлау сияқты ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған.

Сонымен қатар Ішкі істер министрі Ержан Сәденов ұсынған дерекке сенсек, 2025 жылы республика бойынша 5 мың кәмелетке толмаған бала «қиын бала» ретінде жергілікті полицияның есебіне қойылған (3). Осының өзі жасөспірімдер тәрбиесіндегі кемшіліктерді талқылап, тәртіпке салудың, жол көрсетудің жаңа тәсілдерін іздеуді қажет етеді.

Жалпы алғанда, біздің елімізде қиыс кеткен балаларды түзеуге, қатесін түсініп, қоғамға бейімделуіне барлық жағдай жасалған. Бұл жолда ата-аналардан бастап, мектеп мұғалімдеріне дейін, құзырлы орган өкілдерімен бірге ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әрбір мектепте әлеуметтік психологтар балаларға тұрақты көмек көрсетіп, учаскелік инспекторлар, кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізетін полиция қызметкерлері тізімге алынған қиын балалардың қиыс кетпеуін қадағалайды.

Қазақстан кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттарды құрып, сапалы жұмыс жүргізіп келе жатқан зайырлы, құқықтық мемлекет екенін де атап өткеніміз жөн. Елімізде кәмелетке толмағандарға қатысты істерді қараудың ерекше тәртібі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары талқыланып, бұл салада іргелі реформалар қолға алынды. Осылайша 2000 жылдары кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер бойынша әділ сот жүргізудің халықаралық стандарттарын

енгізу басталды. Әлемдегі ювеналды соттардың қалыптасу, даму үрдісі зерттеліп, озық тәжірибелер сараптала келе 2007 жылы алғаш рет Қазақстанда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылған болатын.

Мамандандырылған соттардың құрылып, жұмыс істеуі кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған маңызды қадам екені талассыз. Мұндай соттардың басқа соттардан айырмашылығы орасан. Ең алдымен ювеналды соттар ғимаратының әрленуіне, жиһаздарды таңдауға ерекше талап қойылады. Осы талаптарға орай ювеналды соттарда ғимарат іші ғана емес, сот мәжіліс залдарының өзі көзге жайлы, ашық түстерге боялады. Сондай-ақ сот залдарында айыпталушылар отыратын орын да басқа соттардан өзгеше. Мұнда жасөспірімдер қоршауда емес, ашық жерде отырады. Бұл да болса қиыс басқан балаға қосым жасамау үшін жасалған тетік болса керек.

Кәмелетке толмағандар ісін қараған кезде психолог, әлеуметтік педагог, медиатордың міндетті қатысуы да жолға қойылған. Сонымен бірге, жасөспірімдер ісін қарайтын судьяларды таңдап, іріктеуге де ерекше мән беріледі. Яғни, кәмелетке толмағандар ісін таразы басына салатын судьялардың тәжірибесінің мол болуы, балалармен жұмыс істей алуы маңызды. Мұндағы судьялар бала психологиясы, педагогика, ювеналды әділет салаларында қосымша білім алады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттар халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеп, баланың құқықтарын қорғауға, тәрбиелік ықпал етуге басымдық береді. Соттардағы негізгі принцип кішкентай кінәліні жазалауға емес, қайта тәрбиелеуге бағытталуымен құнды. Мұндай істерді қарағанда судьялар жасөспірімнің жасына, психологиялық жағдайына, отбасылық ахуалына, өмір сүру ортасына терең мән береді.

Тағы бір ерекшелігі – кәмелетке толмағандарға қатысты істер көп жағдайда жабық түрде қаралады. Бұл олардың құқықтары мен психологиялық жай-күйін қорғау үшін қажет. Сондай-ақ процеске баланың ата-анасының немесе заңды өкілдерінің, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың,

қорғаушының қатысуы да міндетті талаптың бірі. Ең бастысы, сот процесіндегі барлық ақпарат құпия сақталады. Жасөспірімнің аты-жөні, іс деректерінің жария етілуіне жол берілмейді.

Бүгінде бұл соттар кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді қарайды. Ювеналдық соттарды құрудағы негізгі мақсат – жасөспірімді жазалау емес, қайта тәрбиелеу, қоғамға бейімдеу болса, заңнамаларда да балаларға барынша кешіріммен қарау, жазаны жеңілдету тетіктері енгізілген. Сондай-ақ, жасөспірімдердің қайта қылмыс жасауының алдын алу үшін татуластыру рәсімдері кеңінен қолданылатынын да айта кеткеніміз жөн. Тағы бір ерекшелігі, ювеналды соттарда жаза басқан жасөспірімдерге бас бостандығынан айыру жазасынан гөрі, шартты жаза, қоғамдық жұмыстар, бақылау шаралары, арнайы бағдарламаларға жіберу сияқты жеңіл жазалар жиі қолданылады.

Бүгінгі күнге дейін кәмелетке толмағандардың істерін қарайтын соттар қоғамға керек екенін, ел игілігіне қызмет етіп жатқанын толық дәлелдеді. Мамандандырылған соттар озық нәтиже көрсеткен соң 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда бұл соттардың құзыретін кеңейтудің заңдық тетігі жан-жақты жасалды. Осы жаңашылдыққа орай Қазақстандағы ювеналды соттар бұрынғыдай тек кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғап қоймай, азаматтық істермен де айналысатын болды. Соның ішінде ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, ажырасу барысында кәмелеттік жасқа толмаған балалары болған кезде мүлікті бөлу, баланың тұрғылықты жерін анықтау, оның ішінде ата-анасының біреуімен мемлекет шекарасынан асу үшін қандай іс-шаралар жүргізілетіні туралы мәселелерді де ювеналды сот қарастыратын болды.

Ювеналды соттың құзыретін кеңейту – жасөспірімдердің құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғауға бағытталған сот төрелігі жүйесіндегі маңызды қадам. Сот құзыретінің кеңеюі еліміздің әлемдік стандарттарға сай болуын ғана емес, сонымен қатар отбасы институтының маңызын арттырып, балалар мүддесін басты орынға қоюды мақсат етеді.

1. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-halykaralyk-balalardy-korgau-kunimen-kuttyktauy-3144732>

2. https://www.kt.kz/rus/society/kolichestvo_prestupleniy_sredi_nesovershennoletnih_rastet_v_1377969755.html

3. <https://365info.kz/2025/05/skolko-trudnyh-podrostkov-v-kazahstane>

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, заң ғылымдарының докторы

Гүлназ ӘСЕНҒАЗЫ,

Алматы қаласы №172 мектеп-гимназияның оқушысы

ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТА ЖАЗА АУЫР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛА
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙҒАННАН KEЙІН ТҰРМЫСТАҒЫ
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ
ҚАТАҢДАТАТЫН, СОНДАЙ-АҚ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН,
КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАҢДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН
НЫҒАЙТАТЫН НОРМАЛАР ЕНГІЗІЛДІ. ОНЫҢ БІРІ –
«ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАСАҚАНА ЖЕҢІЛ ЗИЯН КЕЛТІРУ» ЖӘНЕ
«ҰРУ» БАПТАРЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ
КОДЕКСТЕН АЛЫНЫП, ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСКЕ ЕНГІЗІЛДІ.



Дәлірек айтқанда, Қылмыстық кодекс «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» деген жаңа 108-1-баппен толықты. Мұндай қылмысқа барғандар 200 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады, не 50 тәулікке қамауға алынады.

Өз кезегінде, құқықбұзушылықтарды ауырлататын екінші бөлік пайда болды, заң әрпімен айтқанда – сараптаушы белгілермен толықтырылды. Мысалы, көрінеу кәмелетке толмаған адамның денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірілсе, айыппұл мөлшері 200 айлық көрсеткішке дейін емес, мың АЕК болды. Құқық бұзушының тұлғасына қарай сот айыппұл немесе түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамау, бас бостандығын шектеу не бас бостандығынан айыруды тағайындауы мүмкін.

Ал жаңа 109-1-бап «Ұрып-соғу» деп аталады. Яғни, «тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге алып келмеген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау». Бұл қылмыстың жазасы – 80 АЕК-ке дейін айыппұл не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 80 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, не 25 тәулікке дейін қамауға алуды көздейді. Осылайша, тіпті ең жеңіл түрде соққы жасаған адамның өзі ұзақ мерзімге қамауға алынады.

Бұл баптарды Қылмыстық кодекске көшірудегі басты мақсат – ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, оның ішінде кәмелетке толмағандар мен «кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді» адамдарға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жазаны күшейту. Заң нормалары қолданысқа енгізілген 2024 жылы Ақтөбе облысында ҚК-нің 108-1-бабымен «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» бойынша 17 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 18 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал, 109-1-бап «Ұрып-соғу» бойынша 2024 жылы 44 тұлға, 2025 жылдың 6 айында 26 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жауапкершілік едәуір күшейді. Қылмыстық кодексте кәмелетке толмағандарға қарсы денсаулыққа зиян келтіруден

бастап ұрлау мен өлтіруге дейінгі қылмыстардың тізбесі жүйеленген және нақты анықталған. Мұндай әрекеттерді жасаған адамдар татуласуға байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатыла алмайды. Атап айтқанда: Кәмелетке толмағандарды өлтіргені, зорлағаны, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі ең ауыр жаза қарастырылған. Балаларды ұрлағаны үшін бұдан былай 10 жылдан 15 жылға дейін (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас жыныстық бостандығынан айырғаны үшін –

5 жылдан 10 жылға дейін (бұрын 5 жылға дейін) бас бостандығынан айыру қарастырылған.

16 жасқа толмаған адамдарға сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Осы нормалар қабылданғанға дейін мұндай жауапкершілік 14 жасқа толмағандарға тиіскені үшін ғана қарастырылған. Ол үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары немесе 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар не 50 тәулікке дейін қамауға алу көзделген. Сонымен қатар, айыпталушы белгілі бір лауазымдарды атқару және 3 жылға дейін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылуы мүмкін. Балаларды ұрлағаны үшін 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 7 жылдан 12 жылға дейін), ал заңсыз бас бостандығынан айыру үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру (бұрын 5 жылға дейін) көзделген.

Бұл баптардың енгізілуіне қоғамда жиі тіркелетін заңсыз әрекеттер себепші болды. Қоғамдық көліктерде, көппәтерлі үйлерде балаларға, оның ішінде қыз балаларға жасалатын жыныстық сипаттағы ұсыныстармен немесе жыныстық сипаттағы жанасулармен ұштасқан әдепсіз әрекеттер үшін көп жағдайда қылмыс құрамы болмауына байланысты, жауаптылыққа тарту мүмкін болмай жатады. Осы себептен, аталған әрекеттер үшін де жауаптылық енгізілген.

Н. АЛИМБЕКОВ,
*Байғанин аудандық
сотының судьясы
Ақтөбе облысы*

ВОПРОСЫ НАРУШЕНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ПОРЯДКА



**Кайрат
ТЕМИРХАНОВ,**
*судья
Ерейментауского
районного суда
Акмолинской
области*

**В ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ ПО СЕЙ
ДЕНЬ СУЩЕСТВУЮТ ПРОБЛЕМЫ РАЗГРАНИЧЕНИЯ
ОСКОРБЛЕНИЯ, МЕЛКОГО ХУЛИГАНСТВА И ДРУГИХ
СМЕЖНЫХ СОСТАВОВ ПРАВОНАРУШЕНИЙ.**

На момент написания этой статьи оскорбление относится к составам уголовных правонарушений (ст. 131 Уголовного кодекса РК), а мелкое хулиганство и воспрепятствование законной деятельности медицинских и (или) фармацевтических работников относится к административным правонарушениям (соответственно ст. 434 и 80-1 Кодекса РК «Об административных правонарушениях»).

Мелкое хулиганство является одним из наиболее распространенных административных правонарушений, совершаемых в общественных местах.

Оскорбление (ст. 131 УК) может быть совершено не только в общественных местах, но и дома либо вообще на расстоянии, когда потерпевший и правонарушитель физически не находятся в одном месте.

Общественные места – это территории и помещения, где находится большое скопление людей или такое скопление людей может образоваться. К ним относятся: помещения и прилегающие территории больниц, диспансеров, санаториев, домов отдыха, пансионатов, детских садов, образовательных учреждений, учреждений культуры, физкультурно-оздоровительных и спортивных организаций, домов-интернатов для детей, престарелых и инвалидов; гостиницы и общежития; подъезды многоквартирных домов, кабины лифтов, лестничные клетки и другие места общего пользования жилых домов, места отдыха граждан, все виды общественного транспорта общего пользования городского и пригородного сообщения и иные общественные места.

Между этими составами правонарушений имеется тонкая грань, и иногда на практике сложно разграничить составы из этих правонарушений.

В диспозиции ч. 1 ст. 434 КоАП указано, что мелкое хулиганство – это нецензурная брань в общественных местах, оскорбительное приставание к физическим лицам и другие подобные действия, выражающие неуважение к окружающим, нарушающие общественный порядок и спокойствие физических лиц.

При этом, исходя из судебной правоприменительной практики, потерпевших при мелком хулиганстве, не обязательно должно быть два и более. Потерпевшим (примечание: физическое лицо, чье спокойствие в общественном месте нарушено) может быть и один человек.

Например: законопослушный гражданин «И» шел по парку днем, и услышал, как в это время в парке в пьяном виде громко ругался матерными словами незнакомый ему мужчина гражданин «П». При этом присутствовали и иные граждане, которые гуляли по парку. Однако только гражданин «И», проявив свою сознательность и гражданскую позицию, сделал ему замечание, а затем вызвал сотрудников полиции и написал заявление в отношении этого гражданина, нарушавшего общественный порядок и его личный покой, а также покой иных граждан.

В вышеназванном примере нецензурная брань не была обращена к конкретному человеку, а была употреблена «высказана» этим гражданином в виду его сильного алкогольного опьянения, может для связки слов, а может быть, в связи со сделанным ему замечанием.

Исходя из понятия мелкого хулиганства (ч. 1 ст. 434 КоАП), его объективную сторону можно представить в виде следующей формулы: «Мелкое хулиганство = нарушение общественного порядка, выражающее неуважение к обществу (основной обязательный признак) + нецензурная брань в общественных местах либо оскорбительное приставание к гражданам (один из альтернативных обязательных признаков)».

Для привлечения лица к административной ответственности необходимо наличие в его действии как основного, так и сопровождающего признака, характеризующего объективную сторону мелкого хулиганства. В то время как при оскорблении (ст. 131 УК) нарушение общественного порядка может и не быть.

Под общественным порядком как родовым объектом посягательства понимается урегулированная нормами права и иными социальными нормами система общественных отношений, складывающихся преимущественно в общественных местах, установление, развитие и охрана

которых обеспечивают поддержание состояния общественного и личного спокойствия граждан, уважение их чести, человеческого достоинства и общественной нравственности, а также нормальное функционирование органов власти, предприятий, учреждений и организаций.

Под нарушением общественного порядка понимается несоблюдение лицами урегулированных нормами права и иными социальными нормами правил поведения в обществе и общественных местах.

Теперь рассмотрим аспект оскорбительного приставания к гражданам.

Приставание – это обращение к лицу с целью навязывания общения помимо его воли и желания. В зависимости от формы обращения и цели общения выделяют назойливое и оскорбительное приставание.

Под назойливым приставанием понимается неоднократное, надоедливое, настойчивое в корректной форме обращение к какому-либо лицу с целью навязывания разговора без встречного на то желания этого лица, либо с целью гадания, попрошайничества, предоставления интимных услуг, религиозной агитации, купли-продажи, обмена или приобретения вещей и т.п. Данные действия охватываются составом ст. 449 КоАП (Приставание в общественных местах).

Под «оскорбительным приставанием» понимается приставание, выраженное в грубой словесной форме с использованием обценной лексики или в виде дерзких, унижающих человеческое достоинство действий, которые не влекут уголовную ответственность, либо предлагаются безнравственные, непристойные цели предполагаемого общения.

Таковыми могут быть: назойливое дергание и хватание за одежду или за руки; непристойные жесты; прикосновение к интимным местам человека; толкание; преграждение дороги, загораживание выхода; умышленное пускание табачного дыма в лицо; замахивания, выражающие намерение нанести удар, и другие подобные действия, стесняющие чью-либо волю или нарушающие личное пространство (социальную дистанцию).

В качестве оскорбительного приставания могут быть ведение разговоров непристойного характера, обращение к людям с циничными предложениями.

Рассмотрим теперь оскорбление, а именно диспозицию ст. 131 УК – оскорбление, то есть унижение чести и достоинства другого лица, выраженное в неприличной форме.

Исходя из комментария к Особенной части УК (II том), под редакцией И. Борчашвили объективная сторона оскорбления заключается в действиях, направленных на унижение чести и достоинства

другого лица, выраженных в неприличной форме путем негативной оценки личности потерпевшего.

При решении вопроса о том, выражена ли отрицательная оценка в неприличной форме, суд должен исходить из норм нравственности нашего общества, а не только из восприятия самим потерпевшим, ибо он может обладать повышенным самомнением и любые критические высказывания в свой адрес считать оскорбительными. Не имеет значения, соответствует ли отрицательная оценка потерпевшего действительности или нет.

Унижение чести и достоинства происходит в неприличной форме обращения с потерпевшим. Оскорбление может быть высказано как публично, так и с глазу на глаз, непосредственно потерпевшему или в его отсутствие через третьих лиц (виновный предполагает, что факт оскорбления станет известен потерпевшему). Оскорбление должно быть выражено в отношении конкретной личности или конкретных лиц. Например, нецензурная брань в общественном месте, не оскорбляющая никого персонально, квалифицируется как хулиганство.

Оскорбление может выражаться не только в устной или письменной форме, но и в физических действиях, которые унижают человеческое достоинство (пощечина, плевков, щелчок по носу или уху, неприличные знаки, срывание одежды, циничные прикосновения к телу и тому подобное). Однако в таких случаях необходимо более детально выяснять умысел виновного, который должен быть направлен именно на унижение чести и достоинства потерпевшего.

Например: резкое срывание одежды с человека в общественном публичном месте на глазах у множества людей, когда потерпевшая неожиданно для нее оказалась в нижнем белье (либо без белья), явно можно расценивать как унижение чести и достоинства потерпевшей, то есть оскорблением.

В то время как срывание одежды с потерпевшей и (или) циничные прикосновения к интимным частям ее тела, в условиях нахождения наедине с ней, может расцениваться как «принуждение к половому сношению» или даже как «покушение на изнасилование». То есть всегда следует исходить из направленности умысла виновного лица.

Вместе с тем с введением с 18.07.2020 года нового состава в КоАП (ст. 80-1 Воспрепятствование законной деятельности медицинских и (или) фармацевтических работников), добавила еще ряд неопределенностей в разграничение вышеуказанных составов правонарушений.

Так, диспозиция ч. 2 ст. 80-1 КоАП, предусматривает административную ответственность за «Проявление неуважения к медицинским и (или) фарма-

цевтическим работникам при исполнении ими своих должностных обязанностей, выраженное в нецензурной брани, демонстрации неприличных жестов (знаков) и предметов, в том числе с использованием масс-медиа или сетей телекоммуникаций, непристойном поведении, оскорбительном приставании.

В вышеуказанной норме описаны обязательные и факультативные признаки двух видов правонарушения (ст. 434 КоАП и ст. 131 УК). Нецензурная брань и другие действия, оскорбляющие медицинского работника, были совершены при исполнении им своих должностных обязанностей, то есть в общественном месте, при этом они обращены в отношении конкретного физического лица.

Например: действия свидетелеваемого лица (водителя, пешехода и других), доставленного сотрудниками полиции на медицинское освидетельствование в организацию здравоохранения, которое выражая свое недовольство, допустило в помещении больницы оскорбление медицинского работника нецензурной бранью, демонстрацией неприличных жестов, а также непристойном поведении, оскорбительном приставании к этому работнику, подлежат квалификации по ч. 2 ст. 80-1 КоАП.

При этом формально действия виновного лица попадают под ст. 131 УК, так как оскорбления нецензурной бранью, демонстрация неприличных жестов, а также непристойное поведение, оскорбительное приставание обращено к конкретному медицинскому работнику, и имеются признаки неприличной формы оскорбления. Также это деяние может быть квалифицировано по ст. 434 КоАП, если в ходе судебного разбирательства будет установлено, что нецензурная брань не была обращена к медицинскому работнику, а использовалась виновным для связки слов, в виде выражения «недовольства», на почве алкогольного опьянения. В то время как медицинский работник ошибочно посчитал, что нецензурная брань была обращена именно к нему. Важно, всегда помнить, что следует исходить из направленности умысла самого виновного лица.

Поэтому проблемы разграничения составов мелкого хулиганства (ст. 434 КоАП), оскорбления (ст. 131 УК) и проявления неуважения к медицинским и (или) фармацевтическим работникам при исполнении ими своих должностных обязанностей (ст. 80-1 ч. 2 КоАП) имеется.

В связи с этим назрела необходимость проведения обобщения всех дел, вышеуказанных составов, с последующим принятием Нормативного постановления Верховного Суда РК, с подробным разъяснением вопросов разграничения составов правонарушений, в том числе их квалифицирующих признаков.

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес
келе бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 15.09.2025 ж. жіберілді. Басуға 19.09.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 9. Таралым 2000.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru